

Nurly ÓLKE

QOǒAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 9 (729) 24.2. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ №4 САЙЛАУ ОКРУГИ БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР

Ләззат Иманғалиқызы САЛЫҚОВА

ӨМІРДЕРЕК

1981 жыл 29 шілдеде туған. «Қайнар» университетінің «Педагогика және Психология» факультетінде және «Синергия Қазақстан» Мәскеу қаржы университетінің «Мемлекеттік және муниципалды басқару» факультетін бітірген.

«Қамқор Жүрек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, «Қамқор Жүрек-2016» ЖШС директоры.

«Пронченко» ЖК-де кассир, әкімші және басқарушы және «Қапшағай Самға» МҚБ төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. Қонаев қаласы әкімінің кеңесшісі.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Шағын және орта бизнесті өркениетті түрде қолдау;
жоғары сапалы білім беру және денсаулық сақтауға қолдау таныту;
салауатты өмір салты бойынша кез келген бастаманы қолдау;
жастардың әлеуетін ашуға, оның елді нығайтудағы белсенді рөліне көмек көрсету;

туризмді дамыту;
әйелдер кәсіпкерлігін дамыту;
мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау;

Жағдайды тұрақтандыру шаралары:

1. Экономикалық тұрақты аймақ.

Кәсіпкерлікті дамытуға, халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған бағдарламаларды іске асыруға және насихаттауға қатысу;
кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

халықтың осал тобы мәселелерінде тең мүмкіндіктер жасау;
әйелдер кәсіпкерлігін дамыту;
экотуризмнің дамуы.

2. Ыңғайлы аймақ.

Қаланың коммуналдық шаруашылық саласын қолдау және дамыту;
қаланың шалғай аудандарында және ауылдық жерлерде жолдардың сапасын арттыру;

аулаларды абаттандыру;
мүгедектігі бар адамдардың тіршілігін қамтамасыз ету объектілеріне қолжетімділік;
халықтың экологиялық мәдениетін көтеру.

3. Әлеуметтік бағдарланған аймақ.

Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту;
инклюзивті білім беруді дамыту.
Көдергісіз өмір, қол жетімді орта.

4. Жастарға арналған аймақ.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша білікті жас мамандарды тарту;
оларды бизнеске тарту арқылы жастар жұмыссыздығын төмендету;

5. Тарихи мен мәдениеті мол аймақ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын одан әрі іске асыру;

қала мұражайын ашу;
дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін инвесторларды тарту.

ЖЕТИСТІКТЕР МЕН АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

- 2014 жылғы «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығының лауреаты;
- 2015 жылғы «Тәуелсіздік аруы» сұлулық байқауының жеңімпазы;
- 1 орын, «Сүйкімді ару» номинациясы;
- 2016 жылғы «Ұлы дала Ханшайымы» сұлулық байқауының жеңімпазы;
- «Өз қолыңмен жақсылық жаса» жобасы.

Балалар онкологиялық орталықтары мен перзентханаларға табысталатын шала туған балаларға арналған амгиурми ойыншықтары мен костюмдерді тоқып үйрету бойынша қайырымдылық жобасы;

- «Жүректен жүрекке» қайырымдылық концерттері. Қатысушылары мен басты орындаушылары ерекше қажеттіліктері бар шексіз дарынды адамдар болып табылатын қайырымдылық концерттерін ұйымдастыру және өткізу;
- Аула клубы-бұл демалыс үшін қала сыртына шығуға мүмкіндігі жоқ балаларға арналған жазғы лагерьді ұйымдастырушы;
- «Samruk Hall» мейрамханасында өткізілген мүгедек балалар мен жетім балаларға арналған (ойыншықтар, фуршет) жаңа жылды ұйымдастырушы;
- 10 жастан 22 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас дарын» байқауын ұйымдастырушы;
- Мүгедек қыздарға арналған «Кемел ару – 2017» байқауын ұйымдастырушы.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысуға неге шешім қабылдадым? Азаматтардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеуде, шешімдер қабылдауда және оларға өңірлік деңгейде ықпал етуде білімім тәжірибем бар. Жан-жағымдағы тіршілікке бей-жай қарап отыра алмайтын адам ретінде, мен бұл жұмысты атқаруға қажет батылдық, күш пен мүмкіндіктің бойымда барын сеземін. Қонаев қаласының іскер әйелдер кеңесінің және кәсіпкерлер кеңесінің мүшесімін.

Болашақ бүгіннен басталады!

Сізге тиесілі - уақыт, ертең не болатыны өзіңізге байланысты.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ, ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГИ АТЫНАН ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР

Нұрбол КҮЗДІКБАЕВ

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Құрметті сайлаушылар!

Мемлекет басшысының ел халқына жолдаған мәлімдемесіне сәйкес, Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Президенттің мәлімдемесінен кейін, мен Күздікбаев Нұрбол Қонаев қаласы, Шеңгелді ауылдық округі атынан мәслихат депутатына өз кандидатурамды ұсынуға бел будым.

Жалпы еліміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген әрі аманат жүгін арқалаған азамат. Алдағы уақытта біздің ауылдық округте ел игілігі үшін атқарылар мәнді де мазмұнды жұмыстар өте көп.

Мен бүгінде “2-NS” ЖШС-нің директоры қызметін атқарамын. Осы өңірді дамыту жолындағы сан алуан жұмыстарға, әсіресе, ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін сумен қамтамасыз етуге белсене араласып келемін. Мен сайлаушылардың сеніміне иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізем, Шеңгелді ауылдық округінде мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуға жұмыс істейтін боламын:

1. Экономикалық қайта өрлеу және инженерлік инфрақұрылым бағыты бойынша: кәсіпкерлікті дамыту және ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсетуді назарға аламын.

2. Сонымен қатар Шеңгелді ауылының батыс бөлігі тұрғындарының шаруашылық жер телімін суару суымен қамтамасыз ету мәселесінің шешілуіне депутаттық бақылауды күшейтемін.

3. Бұдан өзге, Шеңгелді ауылындағы жаңа нысандардағы инженерлік инфрақұрылым мәселесін оңтайландыруға ықпал ету және жобалық сметалық құжатты әзірлеуге қаражат алуға сұраным жолдаймын. Жәнеде Шеңгелді ауылдық округінде көше жарықтандыру объектілерін орнату мәселесінде өзекті. Аталған инфрақұрылым мәселесін шешу мақсатында билікке депутаттық сауал жолдап, мәселенің шешілуін бақылауға алатын боламын.

4. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бағыты бойынша қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, азаматтардың санасында жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру үшін «Адалдық алаңы» жобасын ұсынғым келеді. Яғни, тәжірибе аясында сатушысыз дүкен жобасын қолға алуға болады.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасы бағытында еліміздегі кейбір шаһарда қолға алынған «Халық қатысатын бюджет» жобасының Шең-



гелді ауылдық округінде іске қосылуына ықпал еткім келеді. Бұл жобаның мақсаты ауылдық округ аумағында көгалдандыру, тротуарларды жайластыру, пандустарды, арықтарды салу, жөндеу, ортақ пайдалану орындарын құру, жарықтандыру. Аулада және ортақ пайдалану орындарында спорттық, балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру жұмыстары бойынша жергілікті бюджет қаражатын бөлу процесіне ауыл тұрғындарын қатыстыру арқылы ауылдық бюджетті қалыптастырудың ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал жасау жолында қызмет атқарамын.

Бұл жоба мегаполистерде қолға алынып, жақсы нәтиже көрсетуде. Сондықтан біздің ауылдық округ тұрғындарына бұқаралық спортпен айналысуға жағдай жасауға және аулаларды абаттандыруға халықпен бірге жұмыс жасауға сеп болу мақсатында, аталған жобаны іске қосуды ұсынар едім.

6. Әрине, жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамту, денсаулық сақтау мен білім берудің үздік әлемдік стандарттарына қол жеткізу, жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау жолында жұмыс істеуді де бағдарламама қосып отырмын.

Мен алдағы уақытта аталған бес бағыт аясында ауылдық округтің өркендеуіне өз үлесімді, білім-тәжірибемді, іскерлік қарым-қабілетімді аянбай жұмсаймын.

Мәслихат мақсаты – халық игілігіне қызмет ету. Мәслихаттың жұмысына баға беретін халық. Сондықтан мен осы мандатқа лайықты деп танылып жатсам, тұрғындармен жеке кездесіп, ұжымдық қабылдауды да тұрақты түрде жүргізетін боламын. Сіздерді алдағы сайлауға бір кісідей белсене қатысып, менің кандидатурама дауыс беруге шақырамын. Ендеше, бірлігіміз бекем, тірлігіміз түзу болып, тәуелсіз еліміздің абыройы асқақтай берсін!

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕ КӨТЕРІЛДІ



ОБЛЫС ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАНҒАЗИЕВ БАЛҚАШ АУДАНЫНДА ХАЛЫҚПЕН ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗДІ. ОНДА ТҮРҒЫНДАРДЫ АЛАҢДАТЫП ОТЫРҒАН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ БАСА НАЗАР АУДАРДЫ. АЛҒАШҚЫ БОЛЫП АУДАН ӘКІМІ ҒАЛЫМ ТОҚПЕЙІСОВ ЕСЕП БЕРІП, ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІНЕ ТОҚТАЛДЫ.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспары толығымен орындалды. Ауылшаруашылық саласы бойынша ішкі жалпы өнім 35,3 млрд. теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 100,5 пайызды құрады. Ауылшаруашылық саласына 1 104,8 млн. теңге инвестиция тартылып жоспар 72,1%-ға орындалды. Өнеркәсіп саласы бойынша өндірілген өнім көлемі 3,2 млрд. теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 96,4% құрады. Өсім қарқынын тұрақты сақтап, жылды табысты қорытындылауға жұмыс жүргізілуде, бұған біздің толық мүмкіндігіміз бар. Бюджетке 2 107,8 млн теңге салық пен басқа түсімдер түсіп, болжам 105,3%-ға орындалды, – деді аудан басшысы.

Келесі кезекте сөз алған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев:

– Біздің алдыңғы есептік кездесуімізден бері 7 айға жуық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Егер өткен жылдың қорытындысына қысқаша тоқталсақ, онда экономиканың барлық саласында оң динамика сақталды.

Балқаш ауданы бірқатар көрсеткіш бойынша көшбасшылар қатарында. Мәселен, аудан үлесіне күріш өндірісінің 100%-ы, жемшөп өндірісінің 15%-ы, асыл тұқымды ірі қара мал басының 18%-ы, жылқы басының 10,4 18%-ы тиесілі.

Ауданда ауыл шаруашылығының негізі күріш егу болып табылады, оның егістігі барлық егіс алқабының 23 пайызын құрайды. Алайда олардың егістігі мен өнімділігі

жыл сайын азаюда және 2014 жылмен салыстырғанда 30 пайыздан астам төмендеді. Мұнда судың азаюына байланысты топырақтың тұздануы маңызды мәселе болып тұр. Осыған орай заманауи технологияларды және тиімді ауыспалы егістікті қолдану арқылы күріш алқаптарын, оның өнімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдауды, өңдеу зауыттарының толық жүктемесін қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді.

Облыс әкімі ары қарай жалғаған сөзінде пайдаланылмаған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту және суармалы жерлерді ұлғайту мәселелерін ерекше бақылауда ұстауды алға тартты.

Асыл тұқымды ірі қара мал басының саны бойынша аудан облыста 1 орынды алады. «Динара-Ранч» бордақылау алаңында 3,3 мың бас асыл тұқымды ірі қара мал және 3 мың басқа арналған сүт-тауарлы фермасы бар. Өткен жылы кәсіпорын 5,7 мың тонна сүт (бұл аудан көлемінің 22 пайызы) және 240 тонна ет өндірді. Осыған қарамастан, 2021 жылға қарағанда шаруашылықта ет және сүт өндіру көлемі азайған. Өңдеу кәсіпорындарының болмауына байланысты ауданның облыс өнеркәсібіндегі үлесі небәрі 0,2 пайызды құраған және он ауданның ішінде 9-орында тұр.

Осы ретте инфляциялық процестерге назар аударғым келеді. Айтарлықтай өсім өткен жылдың көктемінде қалыптасқаны түсінікті. Бұл жағдайға себеп болған көрші елдердегі жағдай, ағымдағы жылдың трендтерін қалыпта-



стырып отыр. Бағаны реттеу және тежеу бойынша жұмыс жеткіліксіз әрі тиімсіз жүргізілуде. Осы өткен бір айда азық-түлік тауарларының бағасы 1,1%-ға өсті.

Бағаны ұстап тұру мәселелері өзекті болып табылады. Бағаны тұрақтандыру бойынша жұмысты түсіндіру, реттеу және бақылау шараларын қолдана отырып, кешенді түрде жүзеге асыру қажет.

Өткен жылы Балқаш ауданының экономикасына 5,2 млрд. теңге салынды, бұл облыстың 0,9%-ы ғана (609 млрд.теңге). Ал, 2021 жылмен салыстырғанда инвестициялар 2 есе азайған, – деді Марат Елеусізұлы.

Ауданда үй кезегінде 484 адам тұр. Биыл Бақанас ауылында жалпы ауданы 6,1 мың шаршы метрді құрайтын 30 жалға берілетін жеке үй және бір 40 пәтерлі үй іске

қосылады. Жаңа пәтерлердің кілтін 70 отбасы алады, оның 55-і әлеуметтік осал санаттан. Алайда ауданда тұрғын үйге кезек әлі де бар.

Ауданда жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жол деңгейі 76,4% құрайды, ал облыстағы орташа көрсеткіш 90% құраған.

Өткен жылы 10 елді мекенде 48 км облыстық және 22 км кентішілік жолдарға орташа жөндеу жүргізілді. Ағымдағы жылы ауданның ұзындығы 84 шақырым жолдарды жөндеуге жалпы 2,7 млрд. теңге бөлінген. «Жолдарды жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде жүргізуді, сапасын қамтамасыз ете отырып, жақсы жағдайдағы жолдардың деңгейін облыстық көрсеткішке дейін жеткізуді тапсырамын», – деді облыс басшысы.

Әкімнің айтуынша, өткен жылы ауданда 744 жұмыс орны құрылған немесе жоспардың 46,5%-ы орындалған. Бұл – облыстағы ең төмен көрсеткіш. Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша, ауданда жыл басынан бері 74 қылмыс тіркелген, олардың ең көбі – ұрлық және мал ұрлауға байланысты болған.

«Облыстық полиция де-

сы атқарылды. Наурыз айында бұл жұмыс қайта жалғасады», – деп жауап берді.

Тағы бір аудан тұрғыны өңірде бір ғана колледж барын, оның өзіне жөндеу жұмысы жүргізілмегенін айтып, «Алдағы уақытта жөндеуден өткізу жоспарда бар ма?» деген сауал тастады.

Облыстық білім басқармасының басшысы Салтанат Беспәева бұл сауалға: «400 орынды колледжде 142 студент білім алуда. Оқу ғимараты оншақты жыл бұрын жөндеуден өткен. Тек жатақхананы жөндеуден өткізу қажет. Алайда онда жататын студенттер саны аз болғандықтан оған күрделі жөндеу жүргізу мәселесі шешілмей тұр», – деп жауап берді.

Облыс әкімі сұрақ жауабын толықтырып: «Басқа жерлерде ғимарат тапшы. Сіздерде қанша орынды жатақхана бар?! Студенттердің саны жеткіліксіз болса, қызметкерлер де тұра алатындай мүмкіндік жасап, ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу қажет», – деді.

Сондай-ақ, әкім «Ауылдарда балабақша тапшылығы мәселесі бар. Осыған орай балабақша салу қарастырылған ба?» – деген сауалға: «Бала саны аз ауылдарға балабақша

партаментіне бейнебақылау камераларын орнату мәселесін шешуді және құқық бұзушылықтар бойынша профилактикалық жұмысты күшейтуді тапсырамын», – деді М. Сұлтанғазиев.

Баяндамадан соң ашық микрофонға ауыл тұрғындары шығып, өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойды. Мәселен, Қанат Бекмұханбет есімді тұрғын: «Былырғы әкімнің халықпен кездесуінде 10 сауал тастаған едім, соның бірқатары шешімін тапты, кейбір мәселе әлі де басы ашық күйінде тұр. Мәселен, күл-қоқыс полигоны әлі шығарылмады. Бұл қашан шешімін табады?» – деген сұрақ қойды.

Балқаш ауданының әкімі Ғалым Тоқпейісов бұл сауалға: «Күл-қоқыс полигонын шығару үшін өткен жылы 17 млн. теңге бөлінген. Қараша айында 3 млн. теңгенің жұмы-

салу – күрделі іс. Бұл мәселені мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында шешуге болады. Балабақша ашамын деген кәсіпкерлер болса, көмек көрсетуге дайынбыз. Бір балаға мемлекеттен 52000 теңге қаржы төленеді. Бұл – кәсіпкерлерге үлкен қолдау», – деді.

Бұдан басқа да жолдың нашарлығы, түнгі жарықшамдардың жоқтығы, дәрігерлердің тапшылығы, спорт мектебінің құрылысы, үй кезегі, мал ұрлығы мәселелерін көтерген тұрғындардың айтар назы да көп болды. Әр мәселеге жете мән берген облыс әкімі оның шешілу жолдарына назар аударды.

Кездесуден соң облыс әкімі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

**Алма ЕСЕНБАЙ,
Балқаш ауданы**

АУЫЛ – АЛТЫН БЕСІК

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРЛАН ОРЫНБАСАРҰЛЫ ҚҰМАТАЕВ ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГИНЕ ҚАРАСТЫ ҚОСҚҰДЫҚ АУЫЛЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Алматы облысының орталығы Қонаев қаласына Шеңгелді және Заречный ауылдық округі қарайды. Шеңгелді ауылдық округінің аумағында Кербұлақ, Шеңгелді, Сары-

бұлақ, Қосқұдық, Ақөзек, Шолақ ауылдары және Тасқұм, Бөктер, Құлантөбе теміржол бекеттері бар. Халық саны - 9200. Оның 708-і Қарабұлақ ауылының тұрғындары.

Кездесуде қала әкімі Нұрлан Құматаев Қонаев қаласының даму жоспарымен таныстырып, Қосқұдық ауылында оң шешімін тапқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

– Былтырғы кездесуден кейін Қосқұдық ауылында айқын өзгерістер болды. Тиімсіз пайдаланылған, заңсыз берілген жерлерді қайтару және қоғамдық жайылымдарға беру мәселелері оң шешімін тапты. Ағымдағы жылы Шеңгелді кентінде орналасқан №6 сорғы станциясын қайта жаңарту үшін құжаттама әзірленуде. Округте суару желілерін қайта жаңарту жұмыстары өткен жылы басталды.

Округ әкімінің шешімімен мектеп құрылысы үшін жер учаскесі берілді.

Қазіргі таңда жеке инвестициялар есебінен құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.

2023-24 оқу жылында жаңа білім ордасы, яғни, мектеп ғимараты оқушыларға есігін айқара ашады. Ескі мектеп қайта жөндеуден өтіп, 50 орындық балабақша ашылып, сәби-

леріміздің қуанышқа кенелетін күндері алыс емес. Жас ұстаздарға үй салып беруге қаржы бөлінеді.

Халық игілігі үшін салынған модульді фельдшерлік медициналық пунктіннің құрылысы, сондай-ақ, аумақты абаттандыру жұмыстары аяқталды. Қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толығынан жабдықталған соң, наурыз мерекесі қарсаңында тапсырысқа беріледі.

Ескі дәрігерлік-амбулаториялық пункттің құжаттары заңдастырылып, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, кітапхана ашу жоспарда бар.

Әрине, қай жерде болса да өзекті мәселесіз болмайды. Кез-келген мәселенің шешілуі үшін қаражат және уақыт керек. Облыс орталығының іргесінде орналасқан ауылдардың жағдайы жақсартынына кәміл сенемін, - деп сөзін тұжырымдады қала әкімі Нұрлан Құматов.

Алматы қаласына қатынап жұмыс істейтін және оқитын балаларға жол жүру жағдайы қиындық тудырады. Ауыл тұрғыны Мәсімхан Бекбатыров осы мәселені сөз етіп, болашақта теміржол бекетіне поездар тоқтаса дұрыс болатындығын айтты.

Қосқұдық ауылының ту-

масы, ардагер ұстаз Бейсейтай Қошақбаев, теміржолшы Елдос Шынжырбаев, Нұрлан Ұлтарқов және Манат Шоғабаявтар ауылдағы шешімін таппай тұрған мәселелерді жеткізді. Және де мектеп жанында орнатылған воркаут, футбол ойын алаңы үшін алғыстарын білдірді. Ауыл тұрғындары жолдарды жөндеу және жарықтандыру бойынша атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Сондай-ақ, Қонаев-Шеңгелді – Кербұлақ-Сарыбұлақ бағыты бойынша жақында іске қосылған автобус бағытына Қонаев-Қосқұдық бағыты да қосылып, қоғамдық көлік күніне 3 рет кестеге сәйкес жүру жоспарлануда.

Ауылда өндірістік зауыттар ашу туралы мәселе бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Инвесторлар тартылып, нақты шешім қабылданса, қалалық әкімшілік жер учаскелерін бөлуге дайын.

Кездесуден кейін Нұрлан Орынбасарұлы ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Ауыл – қазақтың қара шаңырағы, алтын бесігі! Өсіп-өркендеп, қойнауы құт-берекеге толы болсын!

Гүлмира САЯҚ.

ТҮРМЕДЕГІЛЕР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ТҮРМЕ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БАҒЫТЫ АЛҒА ЖЫЛЖУДА.

Тағдыр тауқыметіне ұшырап, жаза басып, қылмыс жасаған жандардың темір тордың ар жағындағы өмірі күнделікті қатаң күн тәртібімен ғана шектелмейді.

Жазаларын өтеп жүріп, жаңа өмір сүруіне мүмкіндік беру – түзеу мекемелерінің басты міндеті.

Аймақта алты түзету мекемесі бар. Онда темір-бетон, темір өңдеу, тігін, тәтті тағам әзірлеу, ағаш бұйымдарын жасау сияқты өндіріс цехтары жұмыс істейді. Сотталғандардың түрмедегі уақыттарын тиімді пайдалану үшін бар жағдай жасалған. Олар табан ақы, маңдай термен тапқан ақшаларын өздеріне жаратады.

Облыс бойынша темір торда отырғандардың саны екі жарым мыңға жуық. Еңбекке 1800-і жарамды болса, бүгінде олардың 1000-нан астамы жұмыспен қамтылған.

Өткен аптада Қонаев қаласына қарасты Заречный ауылындағы ЛБ 155/12 түрме колониясында, Алматы және Жетісу облысы бойын-



ша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті мен Қонаев қаласы әкімдігі өкілдерінің қатысуымен жиын өтті. Басқосудың негізгі мақсаты - қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметіне көмек көрсету әдістерін қарастыра отырып, түзеу мекемелеріне ҚР «Мемлекеттік сатып алу» Заңына сәйкес кәсіпкерлерді тартып, сотталғандарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу.

Жиынға Алматы және Жетісу облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бас маманы

С. Ереулиева, Қонаев қаласы әкімінің орынбасары М.Жолдахмет, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Е.Абдалиев, кәсіпкерлік бөлімінің меңгерушісі А.Ибраимов, «Кәсіпкерлер палатасы» филиалының директоры А.Қамбарова, мамандандырылған прокуратураның орынбасары Г.Тазабеков және ЛБ 155/12 түрме колониясының басшысы, майор Е.Күздеубайлар қатысты.

Сондай-ақ, әр сала жауаптыларының ұсыныстары мен жұмыс жоспарлары тыңдалып,

сотталғандарды жұмыспен қамтуды басты назарда ұстап, кәсіпкерлерге түрлі жеңілдік қарастыру тапсырылды.

Бүгінде ЛБ 155/12 түрме мекемесінің аумағында 8 өндірістік цех және азық-түлік дүкені жұмыс істейді. Мұнда 972 сотталғанның 255-і ғана жұмыспен қамтылған. Ұйымдастыру бөлімі өндірістік база аумағында кәсіпкерлікті ашуға инвесторларды тарту арқылы, шағын және орта бизнес субъектілерінде қосымша жұмыс орындарын ашу, инвестициялық ахуалды құру бойынша жұмыстар жүргізуде.

Ішара аясында корпусты жиһаздар шығаратын цех салтанатты түрде ашылды. Тұрақты жұмысқа және кепілді жалақыға ие болған 18 сотталғанмен еңбек шарты жасалды. Олар арнайы оқытылып, жиһаз жасауға бейімделген.

Биылғы жартыжылдықта аяқ киім тігетін өндіріс және аспаздық цехты іске қосу жоспарлануда. Бұл кәсіпорындар іске қосылғанда тағы 15 сотталған жұмыспен қамтылады.

Қылмыстық жазасын өтеушілер тиісті мерзімдері аяқталып, қамаудан босаған соң қоғам өміріне сіңісіп кете алмай, өкінішке орай қайта қылмыс жасап, темір торға тоғытылып жатады. Және де сотталған деген аты бар жанның жұмысқа орналасуының өзі өзекті мәселе.

Түрме қабырғасында болса да жұмысқа орналасу, жазасын өтегеннен кейін өмірден өз орындарын табуға айтарлықтай көмек болары сөзсіз. Өйткені, олардың түрмеде алған қажетті білімі, сондай-ақ, белгілі бір кәсіпке дағдыланып, бейімделуі бостандыққа шыққан соң еш қиындықсыз жұмысқа орналасуына зор пайдасын тигізеді.

Жазасын өтеп, пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарға психологиялық, медициналық көмек пен жұмыспен қамту бағыты бойынша құқықтық қызмет көрсету барлық өңірде іске асып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Г.БАСШЫҒҰЛОВА,
Заречный ауылы.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ



КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ БӨЛІМІ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЖАНДАР АСАН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ҚХА ЖАНЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІМЕН ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ.

«Dialog» сарапшылар алаңы аясындағы кездесу барысында Қауымдастық қызметінің негізгі бағыттары мен 2023 жылға арналған жоспары талқыланды.

Жандар Асан өз сөзінде Қауымдастық мүшелері өңірді өркендетуге өз ықпалын тигізуі қажеттігін атап өтті. Ол Кәсіпкерлер қауымдастығының міндеті жаңадан қайта құрылған облысқа шетелдік инвестиция тартуға, жастардың start-up жобаларын қолдауға, әлеуметтік маңызы бар идеяларды дамытуға бағытталуы тиіс екендігін айтты.

«Өткен жылы ҚХА кәсіпкерлер қауымдастығын трансформациялау бойынша бірқатар жұмыстар қолға алынған болатын. Жаңа міндеттер қатарында шетелдік инвесторлармен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және елге инвестициялар тарту үшін іскерлік байланыстарды белсенді дамыту, жастардың стартаптары мен бизнес-идеяларын іріктеу сынды басым бағыттар бар», – деді Жандар Асан.

Жиын барысында Қауымдастық төрағасы Адам Бойсаев ұйым мүшелерімен жеке таныстырып, бірқатар бастамаларды ортаға салды.

Өз кезегінде Алматы облысының кәсіпкерлері еліміздегі оң өзгерістерді қолдап, қай салада да белсенділік көрсететіндіктерін айтты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының баспасөз қызметі.

ПАРТИЯ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ ШЕЛЕК АУЫЛЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ІСШАРА ЖЕРГІЛІКТІ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТТІ. ҚХП ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АСХАТ АСЫЛБЕКОВ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН ПАРТИЯ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ.

Айта кету керек, Халық партиясының сайлауалды бағдарламасында агро-өнеркәсіп кешендерін, ауылдық аймақтарды дамытуға айрықша көңіл бөлінген.

«Біз – қалалар мен ауылдардың таза ауасы, сәулетті келбеті үшін күресеміз! Әрбір елді мекен таза ауыз суға қол жеткізуі тиіс. Сумен жабдықтау мәселесі де ұлттық қауіпсіздіктің маңызды мәселесіне айналып отыр» деп атап өтті Асхат Асылбеков.

ҚХП «Қазақстанда осы мәселені бақылай алатын су ресурстары министрлігін құру қажет» деп санайды. Тіпті, шалғай ауылдарға кең

жолақты интернет те жүргізу қажет.

«Ауылдық аймақтарды дамыту мәселелерін Ұлттық Экономика министрлігінен алып, Ауыл шаруашылығы министрлігіне беру керек. Сонымен қатар, өңірлік агро-индустриялық кластерлерді, агро-өнеркәсіп кешендері мен ауылдық аймақтарды дамытудың бірыңғай картасын әзірлеу қажет» деп біледі Халық партиясы.

Осылайша, мыңға жуық елді мекен іс жүзінде ауқымды құрылыс алаңдарына айналды. Жаппай құрылыстар жүргізіліп, жаңа жұмыс орындары құрылады. Бұл қадам ауыл

тұрғындары арасындағы жұмыссыздықты азайтып, тиісінше аймақтардағы ағайынның қалаға жаппай көшуіне тоқтам болады.

Халық партиясының тағы бір қағидасы – ауылшаруашылық жерлері латифундистерге емес, қараша халыққа тиесілі болуы керек. Қазір елімізде 100 млн. гектар жер игерілмей жатыр. Осы орайда Халық партиясы батыл шешім ұсынып отыр. Демек, мұра боларлық жер телімін қараша жұртқа тегін пайдалануға беру дұрыс шешім. «Бірақ мұндай құқық қазақ жерінде «таң атып, күн батқанға дейін» адал еңбек еткен азаматтарға ғана берілуі тиіс» деді А.Асылбеков.

Кездесу қорытындысында Асхат Зейноллаұлы 19 наурызда өтетін сайлауда белсенді болуға және әлеуметтік әділеттілікті мұрат еткен Халық партиясына дауыс беруге шақырды.



РАХМЕТ САҒАН, ҚАЗАҚСТАН!

ЖУЫРДА ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА «АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНІҢ БАСТЫ ИДЕЯСЫ НЕ?» ТАҚЫРЫБЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЭССЕ БАЙҚАУЫ ӨТТІ. АЛҒАШ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЙЫС АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «РАХМЕТ САҒАН, QAZAQSTAN!» АТТЫ ОНКҮНДІК АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛІП ОТЫР.

Байқауға облыстағы барлық білім беру мекемелерінің 8-9 сыныптарының мыңға жуық оқушысы қатысып, тақырыпқа орай өз ойларын жеткізді.

Байқауды Алматы облысы Этносаралық қатынастарды дамыту бөлімі – Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының басшысы Жандар Асан ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.



«Алғыс айту күні халқымыздың бір-біріне өзара қамқорлығы, мызғымас береке-бірлігі мен ынтымағы кеңінен

дәріптеледі. Біз осы құндылықтардың арқасында мемлекеттігімізді жаңғыртып, түрлі сын-қатерден сүрінбей өттік.

Сіздердің шығармашылық байқауға қатысуға ниет білдіріп, ынта-ықылас танытқандарыңыздың өзі көп нәрсені білдіреді. Ізгі істерге негізделген қоғам қалыптастыру жолындағы қадамдарыңызға сәттілік тілейміз», – деп атап өтті Жандар Асан.

«Алғыс айту күнінің басты идеясы не?» эссе байқауының мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, Қазақстан халқының бірлігін, достығын нығайту және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, Алғыс айту күнінің маңыздылығын түсіндіру. Сондай-ақ, білім алушылардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту да байқау міндеттерінің бірі.

Сайыста жазылған жұмыстар арнайы комиссияның қарауына ұсынылып, бірнеше критерий бойынша бағаланады. Жеңімпаздардың есімдері 2 наурызда анықталады.

Жұлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталып, үздік шығармалар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының баспасөз қызметі.

ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА ҰРАН!

СОҒЫС ҚАСІРЕТІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒУЫНА 34 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ БАЛҚАШ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАСЫ МЕН АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ БІРІГІП ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 14-ШІ АҚПАН КҮНІ «АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТКІЗІЛДІ.

Аталмыш кешке Ауған соғысы ардагерлері, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Г.Сәлімжанова, ауданның құрметті азаматы, Ресейдің бірнеше медалінің иегері, еңбек ардагері М.Қожабеков, аудандық қорғаныс бөлімінің азаматтық өкілі Б.Қалдыбеков, аға лейтенант А.Сайлауханов, Б.Бейсекбаев мектеп-гимназиясының, М.Сеңгірбаев атындағы орта мектептің, Бақанас мектеп-интернатының ұстаздары мен оқушылары, мәдениет қызметкерлері қатысты.

Ауған оқиғасының тарихи мағынасын аша отырып, соғыс ардагерлері туралы мәлімет беру, тарихи деректердің маңызды екендігін ұғындыру мақсатында ұйымдастырылған шара шымылдығы Ауған соғысында қаза тапқан қазақстандық жауынгерлердің рухына 1 сәттік үнсіздікпен тағзым етумен түріліп, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Г.Сәлімжанованың құттықтау тілегіне ұласты. Батылдық пен ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Ауған соғысы ардагерлері-қаһарман жерлестеріміз рухты әңгімелерімен, естеліктерімен бөліссе, ауданның құрметті азаматы, Біріккен Араб мемлекеті мен Израиль арасындағы соғысқа байланысты су асты мен құрғақтағы бірнеше соғыс қимылдарына қатысқан, Ресейдің бірнеше медаль иегері Мұқанғали Қожабеков Ауған соғысы ардагерлерін мерекелерімен

құттықтап, жылы лебізін білдірді. Балқаш ауданының құрметті азаматы, Ауғанстандағы соғыс қимылдарына қатысқан, көрсеткен ерліктері үшін «Жауынгер-интернационалист» медалімен, Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шыққанына 20 жылдық медалімен марапатталған Мейрамбек Қантбеков отты жылдар жайында естеліктерімен бөлісіп, жас оқырмандар тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Шара барысында Қонаев қаласында орналасқан Алматы облысы бойынша Варшава келісімі орталық әскери тобының ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төраға орынбасары Арыстанбаев Ермек және қоғамдық бірлестік мүшесі Үркімбаев Садық аудандық Ауған соғысы ардагерлерін Алғыс хатпен марапаттап, аудандық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Дәуітбаев Бақтыбек пен Ауған соғысының ардагері Шалғынбаев Мараттың омырауына төсбелгілерін тақты. Мектеп оқушыларының Ауған соғысы ардагерлеріне арналған өлең-жырлары оқылып, ардагерлердің құрметіне дайындалған слайд-шоу көрсетіліп, кітап көрмесі таныстырылды. Аудандық мәдениет үйінің күміс көмей әншілері Г.Қасабекова, Қ.Бекенова, Е.Қошаханның орындауларында кеш әсем әндермен әрленіп, қатысушылардың қошеметіне бөленді.

Қаракөз ЖҰМАДІЛОВА,
Балқаш ауданы.

ДҮРБЕЛЕН

ТҰТАС ТҮРКИЯНЫ САРСАҢҒА САЛҒАН ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ ҮЛКЕННІҢ ДЕ, КІШІНІҢ ДЕ ҚАБЫРҒАСЫН ҚАЙЫСТЫРДЫ. «ҒАСЫР АПАТЫ» РЕТІНДЕ СИПАТТАЛҒАН БҰЛ ҮЛКЕН ЖЕР СІЛКІНІСІ 500 ШАҚЫРЫМДЫҚ АУМАҚҚА ӘСЕР ЕТТІ. ОНДА БАРЛЫҒЫ 13,5 МИЛЛИОН АДАМ ТҰРҒАН. ТҮРКИЯНЫҢ 81 ҚАЛАСЫ ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛЫП, ЗАРДАП ШЕККЕН АЙМАҚҚА ҚОЛ ҰШЫН СОЗЫП ЖАТҚАНЫН ТҰТАС ӘЛЕМ КӨРІП ОТЫР. АПАТ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖҰРТҚА КИІМ-КЕШЕК ПЕН ҚАЖЕТТІ ЗАТТАР ТИЕЛГЕН ЖҮК КӨЛІКТЕРІ КҮН-ТҮН ДЕМЕЙ АҒЫЛЫП ЖАТЫР.

ТҮРКИЯДАҒЫ ҒАСЫР АПАТЫ

Бір қуаныш, бір үміт. Үйінді астынан 130, 140, 150 тіпті, 160 сағаттан кейін де аман-есен құтқарылғандар бар. Адамзаттың сусыз 4 тәулік қана өмір сүру ықтималдығы бар екенін ескерсек, мұны нағыз ғажайып десек болады. Газиантептегі Нұрдағы ауданында 155 сағаттан кейін 9 жастағы бала құтқарылған. Оны муниципалитеттердің іздеу-құтқару топтары Семих Эге Инджени Юнус Кая тұрғын үй кешені үйіндісінің астынан тапқан. Тағы бір жағдай туралы айтсам, көпқабатты үйлерді тексеру барысында құтқарушы көмекке шақырған дауыс естиді. Үмітін үкілеген халық бар күшін дыбыс шыққан жаққа бұрады. «Инемен құдық қазғандай» еңбектің нәтижесінде 44 жастағы Наиме Шакар қоқыстың астынан тірі құтқарылды. 165 сағат бойы төзімділігімен таңғалдырған азаматты жұрт қол шапалақтап қарсы алып, өмірге қайта келуімен құттықтап жатты. Жер сілкінісінен кейінгі 166-шы сағатта тағы бір таңғажайып оқиға орын алды. Адыяман провинциясына қарасты Бесни ауданында қираған ғимараттың астында қалған 60 жастағы Еренгүл Ондер тірі құтқарылды.

Еріктілер мен кәсіби мамандар күн-түн демей құтқару жұмысын жалғастыра берді. Ал 170 сағаттан кейін жермен жексен болған 5 қабатты заманауи тұрғын үйінің қазба жұмыстары еңбектің еш еместігін көрсетті. Жер астындағы ғимараттың кіреберіс қабатына жеткенде өмір үшін күрескен 40 жастағы Сибел Каяны аман алып шығады.

Жеке адамдардың көмегі, жан жылуы зілзадан зардап шеккендерге күш-қуат беруде. Мысалы, мына бір жазба көпті жылатты. Едирне қаласындағы Мимар Синан спорт кешеніне отбасымен келген кішкентай оқушы қыз ата-анасының күнделікті ұстауға берген ақшасын конверттің ішіне салып: «Барлық отбасы аман қалып, бір-бірімен қауышса екен» деп жазба қалдырған. Ал Стамбұлдан жөнелтілген жәрдем құтысынан шыққан мәсіге бір мейірімді жан: «Бұл менің аяғымдағы мәсім. Киіп-менің жібергенім үшін кешірім сұраймын, жаңасын алуға ақшам болмады. Мен жалаң аяқ жүре тұрармын, аязға аяғым үйренген. Ал ол жақ болса суық», – деген хат салып жіберіпті. Ал тағы бір құтыдағы дәптер қағазында: «Мен Өмер Фарук Тойкар үлкендердің

мейрамда берген ақшасына алған өрт сөндіру көлігі ойыншығымды сіздерге жолдадым. Өрт сөндіруші қызметкері болып, бетондардың арасынан адамдарды құтқарып алғым келеді. Інім екеуміз сіздер үшін көп дұға етіп жатырмыз. Алла жәрдемшіңіз болсын. Далада қар жауып жатыр, сіздер үсімесін деп өзімнің киімдерімді жібердім. Тоңып қалмаңыздар. Сіздер үшін көп көп дұға ететін боламын», – деген жазба көптің жүрегін елжіретті.

Мен Анкара қаласында тұратындықтан «Қызыл ай» шағын ауданындағы метромен қатынаймын. Метрода мешіт бар. Бүгінде сол жер лық толы адам. Жүргіншілерге бір аяқ



жол қалдырған. Қалған жерінде адамдардың амандығын Алладан сұраған халық дұға етіп отырады.

Жер асты үйіндісінен балалардың дін аман шығып жатқаны қуантады. Құтқарған 6 жасар балаға дәрігерлер тамақ берейін десе қарным аш емес, ата тамақ беріп жүрді депті. Құтқарушылар сол жерде тағы адам бар екен деп қандай ата десе, ақ киім киген ата, сақалы бар деп айтыпты. Тағы бір бала да құтқарылған соң, қарным ашқан жоқ, аздап қорықтым. Содан кейін ата келіп, жұбатты. «Балам қорықпа деп қасыма кеп жүрді», – депті. Бірнеше күнгі аштық пен суықтан аман шыққан балалардың көбі осы тектес әңгімелер айтқан. Алланың құдіретімен періштесі қақты деген осы болар.

Қазір зілзадан жапа шеккен 10 аймақтың тұрғындарын басқа қалаларға орналастыру жүріп жатыр. Осы орайда Қазақстан Елшілігі Түркияда білім алып жатқан қазақстандық студенттерге үндеу жасады. «Өздеріңізге белгілі болғандай, 6 ақпанда Түркияның оңтүстік-шығыс аймағында орын алған жер сілкінісі салдарынан жарақат алған азаматтардың саны артып келеді. Осыған байланысты Түркия президенті елдегі жоғары оқу орындары онлайн

білім беруге көшірілетінін хабарлады. Бұл ретте, мемлекет меншігіндегі ЖОО-дардың жатақханалары зардап шеккен азаматтарды уақытша орналастыру үшін пайдаланылатын болады. Айта кетейік, Түркия билігінің бұл хабарландыруы жекеменшік пәтер-жатақханада, сондай-ақ, жалға алынған пәтерде тұрып жатқан студенттерге қатысты емес», – делінген елшілік мәліметінде.

Түркияның оңтүстік-шығысындағы Шанлыурфа провинциясында бас прокуратура бастаған тергеу жер сілкінісінен қираған ғимараттарда табылған ақауларды зерттеуді жалғастыруда. Осы іс бойынша 8 адам қамауға алынған.

Тергеу аясында қамауға алу және жауап алу жалғасып жатыр. Зілзала кезінде 70 мыңнан астам полиция қызметкері, 60 мыңнан астам жандарм және 1000 жағалау күзеті қызметкерлері күндіз-түні

аяғынан тік тұрып қызмет етуде. Түркияда 99 елден барған 9677 құтқарушы жұмыс істеп жатыр. Арасында Қазақстан да бар.

Түркиядағы жер сілкінісі болған аймақтарда жұмыс істеп жатқан қазақстандық құтқарушылар 7 адамды аман алып шықты. Үйінді астында 72 сағаттан астам уақыт жатып қалған қарт кісі мен екі жас жігітке Қазақстаннан барған медицина қызметкерлері көмек көрсетті. Мұнда темір-бетон құрылғылардың кез келген уақытта құлап кету қаупі бар. Алайда бұған қарамастан құтқару жұмыстары үзіліссіз жүріп жатыр. Зілзадан зардап шеккендерді анықтауға иісшіл иттер мен арнайы іздеу құралдары тартылған. Бауырлас елдегі зілзалаға байланысты ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің тапсырмасымен Үкімет шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар бөлді. Қазақстандық қайырымды жандар жинаған гуманитарлық көмек көлемі күн сайын артуда. Зілзала болған аймақтарға Қазақстаннан жеткізілген 100-ден аса киіз үй орнатылып жатыр.

Жансая БИҚҰРМАН,
Түркиядағы Қажы Байрам Вели университетінің магистрі, Анкарадан арнайы «Нұрлы өлке» газеті үшін.

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

ӘР АЙМАҚТЫҢ, ӘР ҚАЛАНЫҢ, ӘР АУДАН – АУЫЛДЫҢ ЕЛ ҰМЫТПАЙ АЙТА ЖҮРЕР ҚАЙТАЛАНБАС ӨЗІНДІК ТАРИХЫ БАР. СОНЫМЕН БІРГЕ ІЛТИПАТПЕН АТАЛАТЫН БЕДЕРЛІ ТҮЛҒАЛАРЫ БОЛАДЫ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ЕРЕН ЕҢБЕКТИҢ КӨРІГІН ҚЫЗДЫРЫП, ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІМЕН ҮЛЕС ҚОСҚАН ҚАРАПАЙЫМ ЖАНДАР ЖҮРГЕН ЖЕРІНДЕ ӨН-БОЙЫНА АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АСЫЛ ҚАСИЕТІН КӨРСЕТІП, АЗАМАТТЫҚ БІЛІМ-БОЛМЫСЫМЕН ДАРАЛАНЫП ТҰРАДЫ. МЕН БІЛЕТІН, МЕН ТАНИТЫН ТОҚТАР ӘКІШҰЛЫ СОЛ ҰСТАМДЫ ҚАЛПЫНАН АЙНЫҒАН ЕМЕС. АРДАГЕР АҒАНЫҢ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛДАРЫ ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЙҒАН ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫМЕН ЕНШІЛЕС.

Тоқтар Әкішұлы 1969 жылы Отан алдындағы әскери борышын өтеп, Ескі Іле кентіндегі Қиса Қоқымбаев басшылық ететін балық зауытына жұмысқа орналасқанда, Қапшағай ГЭС-і құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқан кез еді. Арада бір жыл өткенде Ескі Іленің тұрғындарын жаппай Қапшағай қаласына көшіруге байланысты ол да көппен бірге жаңа қалаға қоныс аударды. Одан бері де міне, 52 жаз, 52 қыс өтіпті. Жиырма бес жастағы жас жігіт бүгін 77 жастың төріне шыққан ақылман қария, Қонаев қаласының Құрметті азаматы.

– Айтары жоқ, сол кездегі адамдардың еңбекке деген құлшыныстары, бір-бірлеріне деген ықылас-пейілдері керемет еді. Бәрінен де ертеңге деген үкілі үміт қолтықтарынан демеп, қандай қиындық кездеспесін соны жеңіп шығуға ынталандырып тұратын.

Сәл жел тұрса аспанға көтерілетін құмды боранды, шіліңгір ыстықтағы қапырық ауаны, қыстың ызғарлы аязын бүгін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Бірақ бәрі бір күнгідей болмай бәрі өте шықты. Өзіміз қолдан еккен жас өскін көшет тереңнен тамыр тартып, саясы мол бәйтерекке айналды. Біз де шау тарттық, - деп Тоқтар аға жымия күліп, әлденені есіне түсіргендей біраз ойланып отырып қалды.

– Дүниеге келер сәбидің адам болып, тұлға ретінде қалыптасуына себепкер болатын дүние – еңбек. Ал еңбек ете жүріп маңдайыңнан төгілген ащы тердің дәмі де тәтті. Өке-шешемнің отбасылық жағдайына байланысты бұғанам қатпай, 1959 жылы 14 жасымнан еңбекке араласуыма тура келді. Балқаш ауданының құмды Қарой жерінде дүниеге келген мені еңбектің көрігі тез есейтті. Білімге деген құштарлық жетелеп Талғар қаласындағы ауылшаруашылық механизация техникумына алып



келген күнді есімнен шығарған емеспін. Бір ауыз орысша білмейтін маған кілең орыс тілінде өткізілетін сабақтарды үлгеріп, оқып кету алынбайтын асулардай көрінді. Ал, ол басалдақтардан қалай өткенімді айтсам біреулерге күлкілі көрінуі мүмкін. Сөйте жүріп тіл сындырдым, есесіне оң мен солымды таныдым.

Намыс оты шарболаттай қайрады. Жас жігіттің білсем, көрсем, үйренсем деген талап-талпынысы биік абыройға жетеледі. 1973 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне сырттай оқуға түсіп, 1978 жылы аталмыш жоғары оқу орнын «тарих пәні мұғалімі» бойынша тамамдады. Одан ары партия, совет, кәсіподақ қызметтерінде жұмыс істей жүріп тәжірибе жинақтады. Бір ауыз сөзбен айтқанда, Тоқтар Әкішұлы Қонаев қаласымен бірге өсіп, бірге есейді.

Қапшағай қалалық әкімдігі мен қалалық мәслихатында қызмет атқарған 1992-2014 жылдары аудармашы болып еңбек етті. Кешегі бір ауыз орысшаны білмейтін бозбаланың жылдар өте келе орыс тілін ұршықша үйіріп алып кетудегі жетістіктерін ізденімпаздығынан іздесек керек. 1992-2010 жылдары Қапшағай қалалық әкімдігінде бас маман-аудармашы болып еңбек етіп, «Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу» атты өз тәжірибесінен алғашқы еңбегі жарық көрді. Бұл көптеген

мемлекеттік қызметшілердің күнделікті пайдаланатын көмекшісіне айналды. 1995 жылы оның бастамасымен «Қанат жайған Қапшағай», «Капшагай день за днем», «Қапшагайлық ақындар», «Поэты Капшагай» атты жинақтар құрастырып оқырмандарға тарту етті.

Қапшағай қаласының құрылғанының 30 жылдығында «Қапшағай үшінші мыңжылдық ғасыр жолында», «Капшагай на пороге третьего тысячелетия» деген құнды еңбегін ұсынды. Қапшағай тарихына қызығушылық білдірген қай-қайсы қаламгер, тарихшы, өлкетанушы болмасын, бұл еңбекке қайырылып соқпайтыны кемде-кем. Шағын жинақта өткен тарихтың лебі, қаланың құрылған кездегі тыныс-тіршілігі, еңбек көрігін қыздырған гидроқұрылысшыларының ерен табыстары өріле суреттелген.

2005 жылы Алматы облыстық «Үздік аудармашылар» байқауында жүзден жүйрік танылып бас жүлдені олжаласа, сол жылы республикалық «Үздік тіл қызметкерлері» фестивалында үшінші орынды еншіледі. Сөйтіп талапшылдығы, іскерлігі, білімімен көпке танылды. Ұрпаққа үлгі, қазақ баласына жол сілтер аға атанды. Одан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алған Людмила Тихонова, Бақыт Исабекова, Арыстанғали Сансызбаев, Мира Айтова, Мая Беласарова, Роза Үсенбаева, Әсел Анықбаева ел алдында беделді де білікті маман

болып қалыптасты.

– Қапшағай қаласының кешегісін айтпай, бүгінгісін көзге елестете алмаймыз. 1970 жылы Қапшағай ГЭС-і «Республикалық комсомолдық құрылыс» деп жарияланып, республикамыздың түкпір-түкпірінен қаншама жастар осы жерде тағдырларын тоғыстырды. Олар осы жерде жүрек қалауларымен түрлі мамандық иелері атанды. Көңілдері жарасқандар отау құрып, шаңырақ көтерді. Сол кезде дүниеге келген сәбилердің өздері қазір ата-әже атанып отыр. Солардың бірі өзіміз. Амандық болса екі жылдан кейін зайыбым Саратай екеуміз алтын тойымызды атап өтеміз. Міне, осыған қарап-ақ, өмір-өзен тоқтаусыз алдыға озып бара жатқанын байқайсың.

Кешегі күннің естелігіндей гидроқұрылысшылардың алғашқы қоныстары бір кент болып Қапшағайдың іргесінде көсіліп жатыр. «Ивушка» ықшамауданының өзінің айтар сыры бір бөлек. Түртіп қалсаң қала шежіресі ақтарылып жүре береді. Естеліктер ескірмейді, бірақ уақыт көшімен көмескі тартқаны жаныңа тыншу бермейтін кездері болады. Сонда кино лентасындай бәрі көз алдыңнан жылжып өтеді. Алғашқы тұрғын үй, алғашқы мектеп, алғашқы кинотеатр, алғашқы асхана, алғашқы балабақша, осылайша тізбектеліп кете барады. Бәрінің де көзге ыстық көрінетіндігі сондықтан. Аға буынның алақандарының табы қалған еңбек ерлігінің қадірін бүгінгі ұрпақ бағаласа дейтін кездер де аз емес.

«Елу жылда ел жаңа» деген аталардан қалған сөз. Енді міне, мен соны жалғастырып айтып отырмын. Мына бау-бақшалы шаһар, кешегі елсіз жатқан құла түз дала болған десе сенбейсіз. Бірақ ақиқаты осы. Айналып келгенде бұл адамдардың өз қолымен жасаған таңғажайыбы, – деді Тоқтар аға әңгімесін түйіндеп.

Қонаев қаласының «Құрметті азаматы», «Еңбек ардагері» медалінің иегері Тоқтар Әкішұлының әңгімесі қандай қарапайым болса, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы да сондай биязы. Тыңдай түскен сайын жылы шуақ бойыңа құйылғандай әсерге бөлейді. Жарты ғасыр өркен жайған қаланың барлық жаңалықтарының куәсі болып келе жатқан Тоқтар Әкішұлы аға әдемі қартайған қариялардың бірі.

Мәнерлі ғибрат, көтеріңкі сарынмен үндеу тастап, соңындағы елін алға ұмтылуға бастау салу – Білге Тоныкөктен мирас болған дәстүр. Өскелең ұрпағымызды бабалардан қалған тарихи ерекшелігімізбен, кешегі керемет жанкешулерімізбен, ұлы тарихи тұлғаларымызбен баулу – ең өзекті мәселе деп есептеймін, – деп әңгімесін түйіндеп жылы жымиды.

– Ұлағатты сөзіңіз, айтар нақылыңыз бүгінгі Қонаев қаласының жастарының жадына сіңісті бола берсін, – деген тілекпен біз жылы қоштастық.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ №7 САЙЛАУ ОКРУГИ БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР

Қайрат Нұраханұлы АХМЕТТАЕВ



1972 жылдан Қонаев қаласының тұрғынымын.

1978 жылы №1 Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті, 1985 жылы Алматы Мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін дәрігер-педиатр мамандығы бойынша бітірдім.

1985-2003 ж.ж. Қапшағай қалалық ауруханасында жұмыс істедім.

2003-2021 ж.ж. Қапшағай қалалық мәслихатының хатшысы қызметін атқардым.

2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қонаев қаласындағы көпсалалы қалалық ауруханасының сарапшы-дәрігерімін.

БАҒДАРЛАМА

Әлеуметтік сала:

1. Білім беру, денсаулық сақтау және спорт саласындағы мәселелерді шешу;

2. Ұлы Отан соғысы, Ауған соғы-

сы, Желтоқсан ардагерлері мен зейнеткерлерінің, халықтың аз қамтылған топтары үшін әлеуметтік жағдайларды жақсарту;

3. Білім беру, денсаулық сақтау, спорт және құқық қорғау органдарының жас мамандары үшін тұрғын үй мәселелерін шешу;

Коммуналдық сала:

1. Қаланы абаттандыру, жаңырықтандыру, бейнебақылауды жақсарту. ТКШ қызметін жақсартып, өзекті мәселелерді жақсарту;

2. Қаланың көлік логистикасы мәселелерін жақсарту және шешу;

Халықтың үй құрылыстарын газдандыру мәселелеріне жәрдемдесу. Коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды шешу және жаңғырту;

3. Қонаев қаласының шалғай аудандарын газбен жабдықтау жүйесін дамытуға белсенді қатысу және жәрдемдесу;

4. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау акциялары мен бағдарламаларын пайдалана отырып, табиғи газды қосу мәселелеріне қатысу;

Құқықтық сала:

1. Сыбайлас жемқорлыққа және

лауазымдық құқық бұзушылыққа қарсы күрес;

2. Қала тұрғындарының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

3. Бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау;

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Менің басты мақсатым мен міндетім – әділ және ашық Қазақстан!

Қонаев қаласының тұрғындарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес, олардың әлеуметтік өмірлік маңызды мәселелерін шешуге көмек көрсету. Сіздің қолдауыңызбен қалалық мәслихаттың депутаты болып сайлануыма сенім білдірген жағдайда, сіз қойған міндеттерді адал орындауға және олардың оң шешілуіне ықпал етуге уәде беремін.

Менің бағдарламам қарапайым уәде емес. Бұл сіздің қолдауыңыз бен сеніміңіздің арқасында шешімін табады. Сізге және отбасыңызға бақыт, амандық, тұрақтылық пен өркендеу тілеймін!

Көп уәде мен ұзақ үміттен шаршасаңыз, билікке талап-тілегімізді бірге қояйық!

**Ізгі ниет-құрметпен:
Қайрат Нұраханұлы
АХМЕТТАЕВ**

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Ахметтаев Қайрат Нұраханұлы 1961 жылы 2 маусымда Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келдім.

№6-шы САЙЛАУ ОКРУГИНІҢ КАНДИДАТЫ ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР

Рустам Иمامович ДЖАРЛАЕВ

ӨМІРБАЯН

Мен, Рустам Иمامович Джарлаев, 1978 жылы 5-і қазанда Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласында дүниеге келдім. 1996 жылы Алматы қаласындағы №73-ші орта мектепті бітірдім. Білімім: орта-арнаулы. Технологиялық колледжді тамақ өнімдерін өңдеу технологиясы мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолын 1998 жылы Алматы қаласындағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында аспаз болып бастадым. 2008 жылдан 2013 жылға дейін кәсіпкерлікте, логистика және тауарларды тасымалдау саласында өз күшімді сынап көрдім. 2020 жылдың қазан айынан бастап «Қапшағай аймағының газ жүйелері» ЖШС-нің Бас директоры қызметін атқарамын. Төрт балам бар.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Менің өмірлік ұстанымым - адалдық! Отбасымда осылай тәрбиелендім және өмірде осы қағиданы ұстанамын.

Өзімнің депутаттық қызметімде сайлауалды бағдарламамда көрсетілген осы маңызды ұстанымдарды басшылыққа аламын.

«AMANAT» партиясының кандидаты ретінде мен мәселелерді біздің еліміз үшін тиімді, өңіріміздің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, халықтың мүдделеріне сәйкес шешілуін қалаймын. Егер Сіз маған сенім білдіріп, біздің қаланың мәслихатында өз өкіліңізді сайласаңыз, онда мен өзіме нақты міндеттер қойып, оларды шешуге тырысамын. «Қапшағай аймағының» ЖШС-і он жылдан астам уақыт бойы магистральдық және таратушы газ құбырларын жобалау мен салуды қаржыландырғандықтан, Қонаев қаласы, Арна ауылы, Заречный және Жетіген ауылдарындағы халыққа және кәсіпорындарға табиғи газ жеткізетін негізгі газ компаниясы болып табылады.

Осыған байланысты, мәслихат депутаттығына сайлауға кандидат ретінде тіркеліп, сізге өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

1. Халықтың үй құрылыстарын газдандыру мәселелеріне жәрдемдесу. Коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды шешу және жаңғырту;

2. Қонаев қаласының шалғай аудандарын газбен жабдықтау жүйесін дамытуға белсенді қатысу және жәрдемдесу (4 және 7 маршруттары бойынша саяжайлар);

3. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау акциялары мен бағдарламаларын пайдалана отырып, табиғи газды қосу мәселелеріне қатысу;

4. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде біздің сайлау округінің тұрғындарын жұмысқа орналастыру, 2023 жылға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша қолдау көрсету;

5. Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алуға сыйлық сертификаттарымен қамтамасыз ету;

6. Қайырымдылық акцияларына және халыққа көмек көрсету шараларына қатысу;

7. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғай отырып, сыбайлас жемқорлыққа және лауазымдық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу;

8. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуына партиялық бақылау жүргізу.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Біз бірге қаламыз бен округіміздің барлық ағымдағы және болашақ мәселелерін шеше алатынымызға сенімдімін! Мықты мемлекет құру. Күшті аймақтар-мықты ел! Біздің болашағымыз әрқайсымызға байланысты!

**№2 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ КАНДИДАТЫ
ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР**

**Бибігүл Ербатырқызы
РАХМАНОВА**

**САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМА**

Мен, Рахманова Бибігүл Ербатырқызы, 1970 жылы 10 наурызда Жетісу облысы, Ақсу ауданында дүниеге келдім.

1991 жылы - Талғар қаласындағы ауылшаруашылық техникумын, 2010 жылы - Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетін дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды 1997-2013 жылдары Алматы облысы, Қапшағай қаласы «Алматы облыстық балалармен жасөспірімдер спорт мектебі» директорының орынбасары қызметінен бастадым. 2013 – 2023 жылдар



аралығында Алматы облысы, Қонаев қаласындағы «Орта мектеп-гимназия» директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарамын.

Қалалық білім бөлімінің 2018 жылы «Алғыс хаты», 2022 жылы «Құрмет грамотасымен» марапатталдым. 2019, 2021 жылы «Негіз» кәсіподақтың Алғыс хаттарымен марапатталдым.

2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында патриоттық тәрбие беру жолдары» атты республикалық семинар-практикум, 2019 жылы «Мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасындағы мәселелер: буллинг және моббинг» республикалық семинар-практикум, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасын мектебімізде жүзеге асыратын үйлестірушісі ретінде жауапты маманмын.

Екі баланың (бір ұл, бір қыз) анасымын.

**ҚҰРМЕТТІ
ЖЕРЛЕСТЕР!**

Қалалық мәслихат депутаты ретінде алға қойған нақты мақсаттарға қол жеткіземін.

Қонаев қалалық білім беру саласындағы әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға, халықтың әлеуметтік осал санаттарын қолдауға, осы салалардағы проблемалық мәселелерді шешуге белсенді қатыстым.

«Біз біргеміз» республикалық акциясын қолдап, жерлестеріміздің аз қамтылған, көпбалалы отбасыларына көмек қолымды созудамын.

Сондай-ақ, Қонаев қаласындағы көпбалалы аналардың, қарттардың, жалпы тұрғындардың өзекті мәселелеріне белсенді араласып, оның оң шешілуін қамтамасыз етудемін.

Құрметті сайлаушылар!

Мен Қонаев қаласының тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын едәуір арттыру бойынша қойылған міндеттерді шешуге атсалысамын.

Біз бірге барлық мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін!

**№ 5 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ КАНДИДАТЫ ҚОНАЕВ
ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА
ҮМІТКЕР**

ОМАСШЕВ

Евгений Викторович



ӨМІРБАЯН

Мен, Омашев Евгений Викторович 1973 жылы 20 желтоқсанда Қарағанды облысының Балқаш қаласында дүниеге

келдім. 1979 жылы Балқаш қаласындағы № 5 орта мектептің 1 сыныбына түсіп, 1986 жылы бітірдім. 1987-1992 жылдары Алматы құрылыс техникумын техник-сәулетші мамандығы бойынша оқып, бітірдім. 1992-1998 жылдары Венгриядағы мемлекеттік институтта қонақ үй шаруашылығы және туризм мамандығы бойынша оқыдым. 1998 жылдан 2012 жылға дейін кәсіпкерлік саласында жұмыс істедім.

2012-2022 жылдары Жамбыл және Алматы облыстарында, Ақмола облысында, Шығыс Қазақстан облысында ЖЭС салу бойынша келесі жобаларда жоба жетекшісі болып жұмыс істедім. Жалпы қуаты 100 мВт-тан асатын жел электр станцияларының жобаларын сәтті жүзеге асырдым.

**САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Құрметті Қонаев
қаласының тұрғындары!**

«АМАНАТ» партиясының кандидаты ретінде қаланың барлық мәселелері халқымыздың мүдделеріне сәйкес, еліміз үшін тиімді, қаламыздың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып шешілгенін қалаймын. Осыған байланысты, қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде тіркеліп, өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

**Қала тұрғындарының
әл ауқатын арттыру үшін бар
күшімді саламын:**

- ✓ Қаланы газдандыру бойынша жұмыстарды күшейту және жандандыру.
- ✓ Ескі тұрғын үйлерді жөндеу, көппәтерлі үйлерді жаңғырту және күрделі жөндеу, лифт жабдықтарын жөндеу және орнату;
- ✓ Қонаев қаласының аулаларын абаттандыруға, арнайы балалар ойын алаңдарын салуға өз ықпалымды тигізетін боламын;
- ✓ Қонаев қаласының туризмін дамытуға үлес қосу;
- ✓ Қалада жас кәсіпкерлерді қолдау;

✓ Жас жергілікті мамандарды тұрақты жұмыспен қамтуды ұйымдастыру;

✓ Қала экономикасын дамытуда халықтың ұсыныстарын іске асыруға қолдау көрсету және жәрдемдесу.

✓ Конкурстық негізде жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5% жеңілдікпен мемлекеттік микрокредиттер беруге жәрдемдесу;

✓ Қала тұрғындарына жаңа бизнес-идеяларды қолдау үшін 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде гранттар беруге жәрдемдесу;

Біріншіден, мен қоғамның мүшесі ретінде сіздің сенімдеріңізді ақтауға, біздің аймақ пен елді дамытуға бар күшімді саламын.

**ҚҰРМЕТТІ
САЙЛАУШЫЛАР!**

Бізге елдің болашағы туралы жалпы түсініктер, ортақ жоспарлар бар. Біз ең маңызды нәрсеге біргеміз: еліміздің дамуын тілейміз және оны жақсы көреміз. Біз барлық игі істерді шын жүректен жасауымыз керек!

Өткеннен сабақ алып, бүгінді объективті бағалап, болашақты құрудың уақыты келді.

**Сіздерді 19 наурызда
сайлау учаскесіне келіп,
азаматтық борыштарыңызды
орындауға шақырамын.**

**ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ № 2 САЙЛАУ ОКРУГІ
БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

**Алмагүл Төлеуханқызы
ҚАМБАРОВА**

ӨМІРБАЯН

Мен 1977 жылы 22 желтоқсанда Семей қаласында дүниеге келдім. Қазақстан Республикасының азаматымын. Қонаев қаласында (бұрынғы Қапшағай) 1998 жылдан бері тұрамын. Тұрмыстамын, төрт баланың анасымын.

1998 жылы Қазақ Мемлекеттік заң университетін «Құқықтану, заңгер» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолын 1998 жылдың қараша айында Қапшағай қаласында АХАЖ бөлімінің маманы болып бастадым.

2002 жылдың маусым айынан бастап 2010 жылдың қазан айына дейін «Қапшағай қаласы әкімінің аппараты» ММ бас маман-заң кеңесшісі, 2010 жылдың қараша айынан бастап 2015 жылдың наурыз айына дейін «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, ұлттық компаниясы» АҚ персонал

жөніндегі маманы болып жұмыс істедім.

2014 жылдың маусым айынан 2015 жылдың қаңтар айына дейін Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының заң мәселелері жөніндегі маманы, 2015 жылдың ақпан айынан бүгінгі күнге дейін - Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының Қонаев қаласындағы филиалының директорымын.

**САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМА**

Менің басты мақсатым – әділ және ашық Қазақстан орнатуға өз үлесімді қосу. Қонаев қаласының тұрғындарына олардың әлеуметтік және өмірлік маңызды мәселелерін шешуге жәрдемдесу және көмек көрсету.

Сіздер мені қолдап, сенім білдіріп, мен Қонаев қалалық мәслихатының депутаты болып сайланған



жағдайда, қала тұрғындары қойған талап-міндеттерді адал орындауға және олардың оң шешілуіне ықпал етуге уәде беремін.

Негізгі бағыттар:

1. Қаламызды абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру, бейнебақылау орнату мәселелері бойынша ТКШ қызметтерінің қызметін жақсарту;
2. Автомобиль жолдары, тротуарлар бойынша мәселелерді шешу; Өңірдің көлік логистикасы бойын-

ша мәселелерді шешу;

3. Халық арасында экологиялық мәдениетті насихаттау;

4. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қала объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету;

5. Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мәселелерді шешу;

6. Жалпы кәсіпкерлікті, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға, жастарды кәсіпкерлік қызметке тартуға бағытталған бағдарламаларды іске асыруға және насихаттауға қатысу;

7. Туризмді дамыту;

8. Қала азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

**ҚҰРМЕТТІ
САЙЛАУШЫЛАР!**

Менің кандидатурамды қолдауыңызды сұраймын. Мен сіздің сеніміңізді бағалаймын және біз бірге әрбір қала тұрғыны жақсы өмір сүруге, дамуға және өзін-өзі жүзеге асыруға барлық мүмкіндіктерге ие болатын әл-ауқатты қоғам құратынымызға сенімдімін!

Сіздің үйіңізге бейбітшілік, жақсылық, бақыт және амандық, туған Қазақстанға тұрақтылық пен өркендеу тілеймін!

**Құрметпен,
Сіздің кандидатыңыз
Алмагүл Төлеуханқызы
ҚАМБАРОВА**

**ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ № 9 САЙЛАУ ОКРУГІ
БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ**

**Гүлжан Батырбекқызы
ИСКАНОВА**

ӨМІРБАЯН

1977 жылы 10 қаңтарда Қонаев қаласында (бұрынғы Қапшағай қ.) дүниеге келдім. Осы қалада туғаннан бері тұрамын. Тұрмыстамын, үш баланың анасымын.

1996 жылы Талғар ауыл шаруашылығы колледжін «Бухгалтерлік есеп, бақылау және талдау» мамандығы бойынша бітіргенмін. 2000 жылы Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдағанмын.

Еңбек жолымды 2000 жылы Қазақ Мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясында экономист ретінде бастадым, әрі қарай бухгалтер болып ауыстырылдым. 2005 жылдан 2009 жылға дейін «Мұнай стандарты» ЖШС бас бухгалтері, 2009 жылдан 2011 жылға дейін «Стандарт Газ» ЖШС бас бухгалтерінің орынбасары, 2011 жылдан 2012 жылға дейін «HYUNDAI-Қазақстан Коммерциялық орталығы» ЖШС бас бухгалтерінің орынбасары, 2012 жылдан 2013 жылға дейін «Арагаз» ЖШС Бас бухгал-



тері («Port Beer» мейрамханасы), 2013 жылдан 2015 жылға дейін «Қапшағай Мұнай» ЖШС бас бухгалтері, 2015 жылдан «Исканова Г.Б.» жеке кәсіпкер ретінде және 2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін «La FERME» ЖШС директоры болып жұмыс істеймін.

ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР.

2016 жылдан Қонаев қаласының Іскер әйелдер кеңесінің төрағасымы, 2018 жылдан Қонаев қаласының кәсіпкерлер кеңесінің мүшесімін. 2020 жылдан бастап Алматы облысының Бухгалтерлер клубының негізін қалаушымын.

БАҒДАРЛАМА

Менің басты мақсатым – әділ және ашық Қазақстан. Қонаев қаласының тұрғындарына олардың әлеуметтік және өмірлік маңызды мәселелерін шешуге жәрдемдесу және көмек көрсету.

Сіздің қолдауыңызбен қаламыздың қалалық мәслихатының депутаты болып сайлануыңызға сенім білдірген жағдайда, сіз қойған міндеттерді адал орындауға және олардың оң шешілуіне ықпал етуге уәде беремін.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР:

1. Қаламызды абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру, бейнебақылау мәселелері бойынша ТКШ қызметтерінің қызметін жақсарту;
2. Автомобиль жолдары, тротуарлар бойынша мәселелерді шешу;
3. Халық арасында экологиялық мәдениетті насихаттау;
4. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қала объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету;
5. Денсаулық сақтау және білім

беру саласындағы мәселелерді шешу;

6. Кәсіпкерлікті дамытуға, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға, жастарды кәсіпкерлік қызметке тартуға бағытталған бағдарламаларды іске асыруға және насихаттауға қатысу;

7. Қала бюджетін бөлу туралы халықты таныстыру;

8. Депутаттардың қызметін жариялау;

9. Қала азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

**ҚҰРМЕТТІ
САЙЛАУШЫЛАР!**

Менің кандидатурамды қолдауыңызды сұраймын. Мен сіздің сеніміңізді бағалаймын және Біз бірге әрбір қала тұрғынының жақсы өмір сүріп, дамуына және өзін-өзі жүзеге асыруға барлық мүмкіндіктерге ие болатын қоғам құратынымызға сенімдімін!

Сіздің үйіңізге бейбітшілік, жақсылық, бақыт және амандық, туған жеріміз - Қазақстанға тұрақтылық пен өркендеу тілеймін!

2023 жылғы 19 наурызда сайлау учаскеңізге келіп, азаматтық борышыңызды орындауға шақырамын.

**Құрметпен:
Гүлжан Батырбекқызы
ИСКАНОВА.**

**№4 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ КАНДИДАТЫ
ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР**

**Жайна Бейбітқызы
СҮЛЕЙМЕНОВА**

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Жайна Бейбітқызы Сүлейменова, 1990 жылы 11 наурызда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келдім.

2011 жылы - Қарағанды Гуманитарлық колледжді, 2014 жылы - Қарағанды қаласындағы Болашақ университетін «Педагог-психолог» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды 2012-2016 жылдары Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында «Дарын» орталығында педагог-психолог қызметінен бастадым, содан кейін 2018 жылы «Балдаурен-Қапшағай» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында педагог-психолог, 2018-2020 жыл-

дар аралығында Қапшағай көпсалалық колледжінде педагог - психолог, 2021 жылдың 1 қыркүйегінен Қонаев қаласындағы «Орта мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын» орталығында әлеуметтік педагог маманы, 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап педагог-психолог қызметін атқарып келемін.

2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында патриоттық тәрбие беру жолдары» атты республикалық семинар-практикум, 2019 жылы «Мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасындағы мәселелер: буллинг және моббинг» республикалық семинар-практикум, 2022 жылы «Аманат» партиясынан алғыс хаттарымен марапатталдым.



Тұрмыстамын, екі баланың (бір қыз, бір ұл) анасымын.

**ҚҰРМЕТТІ
ЖЕРЛЕСТЕР!**

Қалалық мәслихат депутаты ретінде алға қойған нақты мақсат-

тарға қол жеткіземін. Қонаев қалалық білім беру саласындағы әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға, халықтың әлеуметтік сапаларын қолдауға, осы салалардағы проблемалық мәселелерді шешуге белсенді қатыстым.

«Біз біргеміз» республикалық акциясын қолдап, жерлестеріміздің аз қамтылған, көпбалалы отбасыларына көмек қолымды созудамын.

Сондай-ақ, Қонаев қаласындағы көпбалалы аналардың, қарттардың, жалпы тұрғындардың өзекті мәселелеріне белсенді араласып, оның оң шешілуін қамтамасыз етудемін.

**ҚҰРМЕТТІ
САЙЛАУШЫЛАР!**

Мен Қонаев қаласының тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын едәуір арттыру бойынша қойылған міндеттерді шешу үшін бар күшімді саламын.

Біз бірге барлық мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін!

СОЦИАЛЬНАЯ СЛУЖБА

**МНОГИЕ ИЗ НАС, ПРОХОДЯ ВОЗЛЕ ДОМА
ПРЕСТАРЕЛЫХ ГОРОДА ҚОНАЕВ - КГУ «ЦЕНТР
ОКАЗАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ»
«ШАРАПАТ», ДАЖЕ НЕ ДОГАДЫВАЮТСЯ,
КАКУЮ ОТ ДИРЕКТОРА ДО САНИТАРОЧКИ ЕЖЕ-
ДНЕВНУЮ КРОПОТЛИВУЮ РАБОТУ ВЕДУТ ЕЕ
СОТРУДНИКИ.**

Равнодушным и черствым здесь не место. Такой персонал здесь не задерживается, потому что общение с престарелыми людьми требует особой душевности и сострадательности. У каждого проживающего в этих стенах опекаемого своя судьба. Это 120 историй жизни, достойных отдельной книги, в которой радостные дни переплетаются с суровыми буднями. И осудить их не может никто, потому что нет на Земле безгрешного человека. А главное качество всех работающих в этом самом милосердном доме – это безграничная доброта. Неслучайно К.Боуви заметил: «Доброта – язык, на котором немые могут говорить и который глухие могут услышать».

Одна из сотрудниц – парикмахер Жансая Ерназарова. Про таких, как она, говорят: «Хороший человек тот, вблизи которого легче дышится!» К ней всегда выстраивается солидная очередь: кто на стильную стрижку, кто на покраску, кто на красивую укладочку. Опекаемые, сидя в комфортном кресле, по их словам, получают помимо понравившейся прически еще и «релакс» от душевных разговоров «о том о сем». Перед женским праздником к любимому парикмахеру со словами: «Я первая!» записываются за месяц раньше. По мнению подопечных, парикмахер Жансая обладает опытом в совершении уходовых и косметических процедур. Она аккуратна, доброже-

лательна, вежлива и тактична.

Родилась моя замечательная и трудолюбивая героиня в Алматинской области Аксуском районе селе Сагабуйен. Сердечность ей передалась от родителей мамы Бахыт и папы Сабеткали, воспитавших прекрасных дочерей Жансаю, Асель и сыновей Асета и Нургелди. В семье Жансаи и ее мужа Дархана подрастают сыновья Алихан и Алинур, которые тоже не отказываются от услуг мамы в качестве парикмахера.

Для Жансаи ее работа это творчество, в которое она вкладывает свою душу. А как иначе? Ведь пожилые люди ассоциируются у нее со своими родителями, бабушками и дедушками. Она так воспитана. Ее рассказ о своей деятельности, которой она отвела скромную роль, был эмоциональным: «Я работаю здесь сравнительно недавно. В нашем коллективе много достойных кандидатов, которые отдали социальной службе долгие годы. Это весь персонал, который как единый механизм обеспечивает нашим дорогим ветеранам спокойную старость. Я одна из них. Моя рабочая неделя распланирована на месяц. Вначале недели обслуживаю лежачих больных. В банные дни хлопот много – сушу волосы, стиргу, по желанию делаю нашим местным красавицам маникюр. Хочу поблагодарить наших нянь и санитарочек, которые всегда помогают мне в этом. У опе-



каемых из-за обострившихся заболеваний бывает беспокойный характер. К сердцу каждого стараюсь подобрать заветный ключик. Вечером хоть и прихожу домой уставшая, но на душе светло, оттого, что поделилась с клиентами своей добротой, общалась с коллегами». Видя, как руководство прилагает усилия для комфортного проживания подопечных, как стараются психологи, врачи, повара, няни и санитарочки, буквально все, ей хочется работать добросовестно не покладая рук. Ласковых слов Жансая для немощных стариков не жалеет. Они, в свою очередь, под

**«РЕЛАКС»
ДЛЯ ОПЕКАЕМЫХ**

мелодичную музыку, хрустя конфетками, которыми их угощает мастер, интересуются ее семьей, сыновьями. Как-то сын Алихан попросился на праздник, который устраивали в Доме престарелых. Спел песню. Ему все понравилось! Особенно внимание к нему опекаемых, которые завалили его сладостями. Отрадно, что малыш усвоил прекрасный урок милосердия к тем, кто в этом нуждается.

Для того, чтобы поднять настроение тяжелобольным опекаемым, моя сердобольная героиня говорит им комплименты, передает «приветлики» от бабушек, которые якобы приглашают их после поправки на свидание. А сердце у самой в такие моменты плачет от нежных чувств сострадания... Не смогла она проигнорировать опекаемого с ослабленным зрением для которого после ее просьбы поместили в комнату телевизор. Как приятно было увидеть его вновь после этого с улыбкой на лице и хорошим настроением! Частенько от Жансаи можно услышать слова: «Дедушка, жанымсол! Давайте подстрижемся!» Прав был Марк Твен, заметивший: «Самый лучший способ подбодрить себя – это подбодрить других».

Когда парикмахер на рабочем месте, дверь ее кабинета постоянно открывается, таким

образом, престарелые люди заряжаются при виде моей героини потрясающей энергетикой, исходящей от нее! И звучат искренние восклицания от бабушек и дедушек в ее адрес: «Куколка, ты на работе? Как же мы без тебя! Не устала? Ты покушай!» В такие минуты Жансая готова обнять весь мир!

Наша повседневная жизнь состоит из небольших сюжетиков. Вот один из них. Красивый. В Доме престарелых появилась новая опекаемая. Бабушка как все бабушки. Но для одного из дедушек она стала Музой. Их часто можно было видеть вместе за просмотром фильмов или мечтающими у окна. Взвзвись за ручки, они восхищались своим видом всех, кто в это время шел в столовую. Директор удивительно их просьбу быть вместе – выделив им семейную комнату. Через некоторое время ее из интерната домой забрали дети. Оставшись без второй половинки, влюбленный опекаемый верит и ждет, что возвратится его тихая любовь, которую он обрел на склоне лет. «Такое бывает?» – Удивитесь вы, мой читатель! Пока жив человек и не сомкнулся его глаза после последнего вздоха, он любит – этот бранный свет, своих родителей, детей, возлюбленную, солнце и ветер, тоненькую былинку.

Кто-то из великих сказал: «Люби жизнь, и жизнь тоже полюбит тебя. Люби людей, и люди ответят тебе любовью». Жансая любит людей. И они отвечают ей любовью. Ради этого стоит жить на Земле.

Жанар ДАУРЕНБЕКОВА

ЕЛ ТАНЫҒАН ЕГІЗДЕР

АУДАН ӘКІМІ НҰРЛАН ЕРТАС ЕЛІМІЗГЕ ТАНЫЛҒАН СПОРТШЫЛАР, ЖАМБЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТУМАСЫ МӘДИНА МЕН ЖӘМИЛӘ БАҚБЕРГЕНОВАЛАРДЫ АРНАЙЫ ҚАБЫЛДАП, ТУҒАН КҮНДЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ. КҮРЕСТЕН ӘЛЕМДІК ЖАРЫСТАРДА ЕЛІМІЗДІҢ КӨК БАЙРАҒЫН ЖЕЛБІРЕТІП ЖҮРГЕН ЕГІЗДЕР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРКІН КҮРЕС ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ МҮШЕСІ.

Жәмилә 2019 жылғы Азия чемпионатының қола жүлдегері, 2020 жылы Үндістанның Нью-Дели қаласында өткен Азия чемпионатында 72 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде алтын медаль жеңімпазы, 2021 жылғы әлем чемпионатында күміс медаль иегері болды. Ал Мәдина Бақбергенова 2016



жылы Тайландтың Бангкок қаласында өткен Азия чемпионатында 60 келіге дейінгі салмақта қола медаль, 2019 жылы Моңғолияның Ұлан-Батыр қаласындағы Азия чемпионатында 59

келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күміс медаль, 2019 жылы Венгрияның Будапешт қаласында өткен әлем чемпионатында 65 келіге дейінгі салмақ бойынша қола медаль, 2020 жылы

Ресейдің Красноярск қаласындағы «Golden Grand Prix Ivan Yarygin» әйелдер арасындағы жарыста 59 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медаль, сол жылы Үндістанның Нью-Дели қаласында өткен Азия чемпионатында 59 келіге дейінгі салмақта қола медаль жеңіп алған.

Қос палуан қызымызға алдағы уақытта да әлемдік додаларда топ жарып, ел абыройын асқақтата берулерін тілеген Нұрлан Ертасұлы ауданның спорт саласын дамыту жайына тоқталды. «Ол үшін алдағы уақытта барлық шарт-жағдайды қамтамасыз етуге құрған жоба-жоспарларымыз көп. Ауылдық жерлерден заманауи спорт кешендері салынатын болады. Нағыз спортшылар ауылдан шығатынын өздерің де дәлелдеп жүрсіндер. Ауданның жас спортшылары сендерге қарап бой түзесе, еліміздің мақтанышы болатын әлі талай саңлақтар топ жаратыны сөзсіз», деді аудан басшысы.

Гүлназ ДОСАНОВА,
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, телерадиожурналистика факультетінің 1 курс студенті
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

Суретте:
Мәдина мен Жәмилә Бақбергеновалар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ КӨЛІКТЕГІ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ҚОНАЕВ ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ӨЗІНІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АЙМАҒЫНДА 2023 ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНЫҢ 20-24 АРАЛЫҒЫНДА ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА «КӨЛІКТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ.



ҚАУІПСІЗДІК АКЦИЯСЫ

Акция аясында Қонаев желілік полиция бөлімі қызметкерлері теміржол вокзалдарында, жолаушылар пойыздарында және теміржол көлігі объектілеріне жақын орналасқан басқада мекемелердегі азаматтарға құқықбұзушылықтардың алдын алу және болдырмау мақсатында, білім ордасы – мектептерде оқушылармен кездесу ұйымдастырды. Теміржол бойындағы қауіпсіздік шаралары туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы теміржол еліміздің шығысынан батысына, солтүстігінен оңтүстігіне қарай мыңдаған шақырымды алып жатыр. Күнделікті ондаған пойыздар тоқтаусыз өтетін теміржол магистралы еліміздің экономикалық тұрғыда тәуелсіздігі мен дамуы, жолаушылардың қалаған жерлеріне жетуі үшін оң қызмет атқаратындығына қара-

мастан, өзіне тән қауіптілік деңгейі жоғары аймақ болып есептеледі. Сондықтан «Көліктегі қауіпсіздік» акциясын өткізіп, профилактикалық жұмыстардың жиі жүргізілуі теміржол бойындағы тұрғындар үшін оң нәтиже беретіні анық. Себебі, күнделікті күйбің тірлікте теміржолдың белгіленбеген жерінен өту, жасөспірімдердің әртүрлі қызығушылықпен теміржол бойында атананың қарауынсыз ойнап жүру, олардың өмірі үшін өте қауіпті екені белгілі.

Қауіпсіздіктің алдын алу, құқықбұзушылықтарды болдырмау Қонаев станциясындағы Желілік полиция бөлімі қызметкерлерінің басты назарында.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қонаев қалалық
ЖПБ ӘПБ инспекторы,
полиция майоры.

ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК (МӘМС) ЖӘНЕ ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨЛЕМ (ТМКК) АЯСЫНДА, ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕККЕ КІМДЕР ИЕ БОЛА АЛАДЫ? ЖӘНЕ АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ДӘРІ ДӘРМЕКПЕН ҚАМАТАМАСЫЗ ЕТУДІ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Тегін дәрі-дәрмек алу пациентке медициналық көмек алған сәттен бастап, көрсетілуі тиіс. Медициналық көмек алатын пациенттер жедел-жәрдем бригадасы шыққан кезде, амбулаториялық және стационар жағдайында қамтамыз етіледі.

Ал, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен диспансерлік есепте тұрғандар, жекелеген аурулары бар пациенттер қамтамыз етіледі. Мысалы темір тапшылығы бар фертильді жастағы әйелдер темір препараттарын, атероклероз ауруы, жүрек-қан қысымы бар және диспансерлік есепте тұрған пациенттер өз аурулары бойынша қанды сұйылтатын дәрілер (антикоагулянттар) мен басқа да препараттарды ала алады.

Сондай-ақ, психикалық және мінез-құлық бұзылулары бар пациенттер диспансерлік есепте тұрса, рецепт бойынша дәріханада жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде беріледі. Тегін алуға болатын дәрі-дәрмектер ҚР ДСМ №75 бұйрығымен бекітілген.



Басқа сұрақтар туындап жатса, сіз өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Ал ол жерден мардымды жауап ала алмасаңыз, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесідей байланыс арналары арқылы өтініш жібере аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot.

Осы құралдар арқылы сақтандыру мәртебесін тексеруге болады. Сондай-ақ медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР үкіметінің электрондық сайтындағы (egov.kz) «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы білуге болады.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы.**

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

«Шарапат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бос лауазымдық орындарына жұмысқа шақырамыз:

Медицина бөлімінің меңгерушісі -1 бірлік
Электромонтер - 0,5 бірлік
Жеміс-көкөніс және картоп тазалаушы -1 бірлік
Санитар -палатадағы - 5 бірлік
Санитар –тазалаушы - 4 бірлік
8 (72772) 4-00-72 телефоны бойынша хабарласуға болады.

«Шарапат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ әкімшілігі.

ПРИГЛАШАЕМ НА РАБОТУ

В КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг «Шарапат» требуются следующие специалисты и работники на вакантные места:

Заведующая медицинским отделением - 1 ед.
Электромонтер - 0,5 ед.
Санитарка - палатная - 5 ед.
Санитарка - уборщица - 4 ед.
Чистильщик - 1 ед.
Обращаться по телефону: 8 (72772) 4 - 00 - 72

Администрация КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг «Шарапат»

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

- «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау
- Әсер ету аумағы: Алматы обл., Қонаев қ., өнеркәсіптік аймақ, №137 «Арна» учаскесі
- Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 09.03.2023 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді.
Интернет ресурстары: esportal.kz
- Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «EL company (ЕЛ компани)» ЖШС
Өкілі: Ким Евгения Викторовна
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30
- Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: esportal.kz және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»ММ
- Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты Алматы қаласы, Затаевич көшесі 6, тел: 8 747 5004030 мекенжайы бойынша танысуға болады
- Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: esportal.kz және электрондық поштаға gkr_proekt@mail.ru

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

- Общественные слушания на тему: «Утилизация медицинских отходов»
- Территория воздействия: Алматинская обл., город Қонаев, промышленная зона, участок «Арна» №137
- Общественные слушания в форме публичных обсуждений состоятся в период с 09.03.2023 года в течении 10-ти рабочих дней.
Интернет ресурсы: esportal.kz
- Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «EL company (ЕЛ компани)»
Представитель: Ким Евгения Викторовна
Контакты: тел.: 8 747 500 40 30
- Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: esportal.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области».
- Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно получить по адресу: г. Алматы, ул. Затаевича 6, тел: 8 747 5004030
- Замечания и предложения принимаются: по ссылке esportal.kz и на электронную почту gkr_proekt@mail.ru

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатысты сұрақтар бойынша Call Center

№	Аудан атауы	Жауапты аты-жөні тегі	Телефон нөмірі	Жұмыс кестесі	Ақпараттандыру орны
1	Қонаев қаласы	Ертлеуова Дина Жанатовна, қала әкімі аппаратының ұйымдастыру–инспекторлық жұмысы, мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар, құжаттармен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы	8 (72772)40790	9:00-18:30, дүйсенбі-жұма (түскі үзіліс 13:00-14:30)	«Қонаев қаласы әкімінің аппараты» ММ, Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі 13.

Сведения по Call центру города Қонаев

№	Наименование населенного пункта	Ответственный ФИО/ должность	Номер телефона	График работы	Место размещения
10	г. Қонаев	Ертлеуова Дина Жанатовна, главный специалист отдела организационно-инспекторской работы, мониторинга государственных услуг, информационных технологий и документационного обеспечения аппарата акима города Қонаев	8 (72772)40790	9:00-18:30, пн-пт (обед 13:00-14:30)	ГУ «Аппарат акима города Қонаев», город Қонаев, ул.Жамбыла 13.

НАСЛЕДСТВО

Ввиду открытия наследства после смерти гражданина Жалбагаева Капалбая Ахметкалиевича, умершего 8 мая 2022 года, просим всех наследников обратиться к нотариусу Ахметову Ермеку Анваровичу по адресу: город Қонаев, 2 мкр., дом 16, кв.38 или по телефону: 8-707-835-30-00.

Разыскиваются наследники гражданки Садыковой Гулданы Турсынхановны, умершей 04 февраля 1995 года. Заявления от наследников о принятии (отказе) от наследства принимает нотариус Н.С.Бахтиярова по адресу: город Қонаев, 1 мкр., дом 41 «Б» (рядом с ЦОНОм) или по телефону: 8 (747) 656 42 78.

Ввиду открытия наследства после смерти гражданина Абдуллина Рината Аликовича, умершего 9 февраля 2023 года, просим всех наследников обратиться к нотариусу Ахметову Ермеку Анваровичу по адресу: г.Қонаев, 2 мкр., дом 16, кв.38 или по телефону: 8-707-835-30-00.

Наследников гражданки Каменевой Евгении Георгиевны, умершей 23 августа 2022 года, просьба обращаться к нотариусу Байеловой Е. по адресу: г.Қонаев, 1 мкр., дом 19 или по тел: 8-771-465-40-73.

Наследников гражданина Козлова Николая Павловича, умершего 21 декабря 2022 года, просьба обращаться к нотариусу Байеловой Е. по адресу: г.Қонаев, 1 мкр., дом 19 или по тел: 8-771-465-40-73.

Разыскиваются наследники гражданки Дударевой Тамары Павловны, умершей 16 октября 2022 года.

Заявления от наследников о принятии (отказе) от наследства надлежит подать до 16 апреля 2023 года нотариусу Н.С.Бахтияровой по адресу: город Қонаев, 1 мкр., дом 41 «Б» (рядом с ЦОНОм). Справки по телефону: 8 (747) 656 42 78.

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Жадан Елены Николаевны, 26 июня 1978 года рождения, умершей 16 февраля 2021 года, всем наследникам необходимо обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области И.И.Тимошенко по адресу: город Қонаев, ул. Достык, дом № 4, оф.11, по тел.: 8-777-576-99-30.

Ввиду открытия наследства после смерти гр Анисимова Артема Евгеньевича, умершего 28-01-2023 года, наследникам обращаться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Капшагай, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058.

СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Утерянное пенсионное удостоверение МВД РК ДП Алматинской области, выданное на имя Шеметова Ермека Елтаевича, 9 мая 1961 года рождения, считать недействительным.



АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖАС МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕБЮТ» БАЙҚАУЫ БОЛЫП ӨТТІ.

Аталмыш білім сайысына Б. Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Мәдина Мұрат қатысып, 17 үміткерлер арасында өз білімін дәлелдеп, байқаудың I-ші орын иегері атанып, аудан абыройын асқақтатты.

Облыс орталығында өткен білім сайысынан жүлдемен оралған Мәдина жайында қысқаша айтатын болсақ, ол Үлгілі орта мектебінің 2017 жылғы түлегі. Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдап, 2022-2023 оқу жылынан бастап өзінің сүйікті мамандығы бойынша ұстаздық жолда еңбек етіп келеді. Бұл Мәдинаның ұстаз болып еңбек ете бастаған аз уақыт ішінде қол жеткізген алғашқы жеңісі.

Шәкірттерінің бойына жақсы қасиеттерді дарытып, оларды білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде ұстаздың еңбегі орасан зор. Сондықтан да ұстаздар қауымы әрдайым құрметті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Ендеше, ұлағатты ұстаздардан тәлім-тәрбие алып, мұғалім болуды бала күнінен армандап өскен жас маман ұрпақ тәрбиелеуде еселі еңбек етіп, алда алар асулары биік болуына тілектес болайық.

Күмісбек ЕРБАЕВ,
Балқаш ауданы.

Жолболды Бобыханұлы ЫСҚАҚОВ

Қонаев қаласының руханиятында өзінің ізі мен қолтаңбасын қалдырған, 2009 жылғы «Нұрлы өлке» газетінің редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Жолболды Бобыханұлы 66 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Ол «Нұрлы өлке» газетінің алғашқы редакторларының бірі болды. 2008 жылы Қапшағай қаласында жаңадан ашылған газеттің бұғанасын бекемдеп, іргесінің нықталып, аяғынан тұруына өзінің өлшеусіз үлесін қосқан қаламгер, саналы ғұмырының шуақты жылдарын журналистика саласына арнаған жан ретінде әріптестерінің есінде сақталып қалды.

Жолболды Бобыханұлы Ысқақов 1957 жылы Алматы облысы, Күрті ауданының Балатопар ауылында дүниеге келді. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ әдебиетке бейімдігін таныған оны Күрті аудандық «Шұғыла» газеті редакциясы 1975 жылы орта мектепті бітіргенде корректорлық жұмысқа шақырып, шығармашылдыққа баулыды.

Оның бұдан кейінгі өмірі мен еңбек жолдары газетпен тығыз байланысты болды. Екі жыл Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп оралған соң «Шұғыла» газетіне қайта оралып, тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі сияқты қызмет сатыларынан өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін өзін

қаламы қарымды журналист ретінде таныта білді. Аудандық газеттің жауапты хатшысы, редактордың орынбасары лауазымында жемісті жұмыс істеген ол 1993 жылы өзі ыстығына күйіп, суығына тонған Күрті аудандық «Шұғыла» газетінің бас редакторы болып тағайындалды. Бұл қызметті ол аудан тараған 1997 жылға дейін жемісті атқарды.

1997 жылы қызмет бабымен Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылына қоныс аударған Жолболды Бобыханұлы бұл кезде шын мәнінде жабылып қалған «Балқаш еңбеккері» газетінің жұмысын қайтадан ұйымдастырып, «Балқаш өңірі» газеті деген атпен, жаңа форматпен шығарды. Сонымен қатар «Бақанас» телеарнасын ашты. Оның білікті басшылығының арқасында газеттің материалдық жағдайы жақсарып, аудан аумағында атқарылып жатқан игілікті істерге үн қоса алатын шын мәніндегі халықтық басылымға айналды. Осы жылдары газет баспаханасынан аудан тарихына қатысты бірнеше кітаптар басылып шықты. «Бақанас» телеарнасы да көгілдір экраннан аудан жаңалықтарын халыққа жеткізіп отырды.

Іргелес жатқан Күрті мен Балқаш қос ауданның халқы Жолболды Бобыханұлын қаламы ұшқыр журналист қана емес, дарынды ақын ретінде де таныды. Қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен де ерекшеленген



ол Балқаш аудандық мәслихаттың 4-шақырылымына депутат болып сайланып, халық қалаулысы ретінде көпшілік құрметіне ие болды. 2009 жылдың 15 қаңтарында Қапшағай қаласына қоныс аударып «Нұрлы өлке» газетінің редакторы болып қызмет атқарған Жолболды Бобыханұлы денсаулық жағдайы мүмкіндік берген кезге дейін қалалық «Нұрлы өлке» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Ол жайдары мінезді, жұмсақ жүректі Азамат еді. Қолынан келгенше барлық әріптестеріне көмегін көрсетті.

Жолболды Бобыханұлының жанының жатқан жері жұмақ, топырағы торқа, иманы жолдас, алды пейіш, арты кеніш болсын. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына ауыр қазаға ортақтасып отырып, көңіл айтамыз.

**Қонаев қаласының әкімдігі,
қалалық мәслихат, қалалық ардагерлер кеңесі, «Нұрлы өлке» газеті редакциясының ұжымы.**

ПОЭЗИЯ – МӘңгі Жыр!

Ақпанда жауған жыр жаңбыр

Қонаев қаласының кітапханасында ақын, композитор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері Төлеужан Нүсіпжанұлы Ғұмармен кездесу кеші болып өтті.

Рухани кездесуге қаламыздың зиялы адамдары, қаладағы білім мекемелерінің ұстаздар қауымы мен оқушылары қатысты. Кеш шымылдығын ашқан Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Нұрғали Әшір өз сөзінде мәдениет саласында өзіндік ісімен танылған, қазақ өнерін түлетіп жүрген, талантты өнер иесі - Төлеужан Нүсіпжанұлына құттықтау лебізін білдірді. Осыдан соң Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы ақсақалдар кеңесінің және Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Бесбаев пен қаламгер, өлкетанушы, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Жұмақан Қожамқұл,



мемлекеттік қызметтің ардагері Тоқтар Әкіш, ақсақалдар алқасының мүшесі Бейсетай Қашақбаев, аналар кеңесінің төрайымы Дәметкен Нүсіпбекова, ақын, «Көпсалалы колледж» директоры, тіл жанашыры, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қалалық филиалының төрағасы Берік Баиловтар сөз алды.

Ақын, ҚР Жазушылар Одағының, Қазақстан Журналистер одағының, Өлем Халықтары Жазушылар одағының мүшесі, Қонаев қаласының құрметті азаматы Алтыншаш Жақиянова ақынды құттықтап, шығармашылығына табыстар тілеп, арнау өлеңін оқыды.

Кеште орта мектеп гимназияның оқушылары ойшыл ақынның өлеңдерін

мәнерлеп жатқа оқып, парасатты поэзияның тамаша кешіне айналдырды.

Қайырбек Айзере, Қожа Алан, Исажан Балауса, Нышанбай Батырхан, Азамат Айару, Әбдіхамит Алмат, Мадияр Диас, Жақсылық Арман, Шәкен Меруерт, Жұмабай Алмат сынды талапты оқушылардың өнерлеріне жұртшылық ризашылық танытты.

Рухани азық беретін шарада «Асыл» өнер орталығының «Талисман» халық би ансамблінің бишілер тобы мың бұрала билеп, өнер көрсетті. Ақын, композитор Төлеужан Ғұмардың «Туған жер» өнін «Ақдидар» балабақшасының тәрбиеленушілері Ахметова Адина, Ұланқызы Айсезім, Мұхтар

Раяна орындаса, «Алға жасұлан» өнін қалалық балалар шығармашылық және жазғы демалыс орталығының тәрбиеленушісі Әбіләкім Нұрбек орындап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Кеш қонағы Т.Ғұмар өз туындыларын оқып, жыр-сүйер қауыммен сұхбаттасып, тамаша өнін орындады. Ардақты ақынын, оның шығармашылығын төрге оздырған жылы басқосуды Қонаев қаласы кітапханасының директоры міндетін атқарушы Айгүл Бегімбайқызы Ақтанова қорытындылап, кітапхана атынан сый тарту етті.

Кездесуге қатысқан жұртшылық ақын өмірі мен шығармашылығы, адами болмысы, рухани әлемімен жақын танысты. Ақынның рухты тасытып, жігерді жанитын өлең-жырлары жүректерге жол тапты.

**Даража
ЖОЛЫМБЕТОВА,
Қонаев қаласы
кітапханасының
бөлім меңгерушісі.**

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қапшағай тынысы»
ЖШС

ДИРЕКТОР
Қайрат Жолдасұлы

БАС РЕДАКТОР
Гүлмира
Саяққызы

Сайт редакторы
Аян Қонаров,
8 707 612 68 90

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ;
ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ, 19-ШАҒЫН АУДАН
1 «Г» ҮЙ, 2-ҚАБАТ, 040800.
ТЕЛ.: 8 (72772) 2-83-80, 8 707 594 72 97.

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАМЫЗ:
E-MAIL: NURLYOLKE@MAIL.RU
WWW.NURLYOLKE.KZ

ГАЗЕТ КӨЛЕМІ
2 БАСПА ТАБАҚ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛАР
МИНИСТРЛІГІНДЕ
2023 ЖЫЛ
3 АҚПАНДА ҚАЙТА ТІРКЕЛІП,
№ KZ87VPY00064035
КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

- ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН, КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕ АПТАСЫНА БІР РЕТ БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ.
- АВТОРЛАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- КЕЙБІР МӘТІНГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ СУРЕТТЕРГЕ ЖАУАП БЕРІЛМЕЙДІ.
- ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ АВТОРЛАРМЕН ХАТ АЛЫСПАЙДЫ. МАҚАЛАЛАР ӨНДЕЛДІ, АВТОРЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. «Нұрлы өлке» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН МАҚАЛА КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ. ЖАРНАМА МЕН ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘТІНІНЕ ЖАРНАМА БЕРУШІ ЖАУАПТЫ.
- КОМПЬЮТЕРГЕ ТЕРІЛГЕНДЕ 6 БЕТТЕН АСҚАН МАТЕРИАЛ ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.

ГАЗЕТ «Нұрлы өлке» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНДА БЕТТЕЛІП, Алматы облысы Іле ауданы Өтеген Батыр Ауылы Сейфуллин көшесі 2 «в» «ПРИНТ ПЛЮС» ЖШС БАСПАХАНАСЫНДА БАСЫЛЫП ШЫҒАРЫЛДЫ.
Тел. 8 (727) 251-78-27,
Осы шығарылымның таралымы - 3952 дана.